

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шапшақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

12/2017 ЖЕЛТОҚСАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Ғ.ШӘРІБЖАНОВА.	Көптілділік-занды үдеріс.....	3
Ү.ӘМІРХАНОВА.	Тіл-мемлекеттік пен бірліктің негізі.....	10
Қ.ӘЛМҰҚАНОВ.	Қазақ сыныптарында қазақ тілі пәнін тереңдетіп оқытудың тиімді жолдары	18

Дөңгелек үстел

Р.ГИЗЗАТОВА.	Жаңашылдық-өзектілік-тәлімгерлік.....	28
--------------	---------------------------------------	----

Латын әліпбиіне көшу

Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА.	Ақжарылқап бетбұрыс алдындамыз.....	32
----------------	-------------------------------------	----

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ә.ТУРДИНА.	С.Мұратбеков. «Жусан иісі».....	34
А.ТҮҢҒАТАРОВА.	А.Байтұрсынұлы. «Егіннің бастары».....	37
Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА.	Көксерек-табиғаттың тағы перзенті.....	42
С.АҚДАУЛЕТОВА.	М.Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда».....	47
С.БЕГАЛИНА.	Ж.Молдағалиев. «Мен қазақтың».....	53
Ә.ИКРАМУЛЫ.	Қазақтың би-шешендері.....	61
Б.ТҰРАҚБАЕВА.	С.Мәуленов. «Боранда».....	74
Ә.САБЫР.	Ғ.Мүсірепов. «Жаңа достар».....	81

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ж.ҚУАНЫШЕВА.	Ауа райы.....	84
Н.ҚАМЫСПАЕВА.	Сан есім.....	92
А.ТУРДАЛИЕВА.	Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.....	98
А.САБЫРЖАНОВА.	Сөзжасамнан өткенді қайталау.....	105
С.КАКЕЕВА.	Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер.....	113
Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА.	Мақал-мәтелдердің тақырыптық топтары.....	121

Сыныптан тыс шара

Ү.ЖҮПБОЛОВА, Г.ДОСТАНҒАЛИЕВА.	Ана тілім-бәрін сөйлер шежірем.....	125
----------------------------------	-------------------------------------	-----

Білім сынағында

Б.ХАНСУЛТАНОВА.	Әдебиет-халықтың рухани байлығы.....	131
-----------------	--------------------------------------	-----

Ойын-ойдың өрісі

Г.ЖАНАБАЕВА.	Қазақ тілі-қазақ халқының ұлттық тілі.....	136
--------------	--	-----

Мұғалім мерейі

Р.СУЮНОВА.	Бала жүрегінiң кiлтiн тапқан ұстаз.....	140
------------	---	-----

Бір өлең-бір әлем

Ж.ТӨЛЕУБАЕВА.	Біз осы Шаһкәрімді білеміз бе?.....	142
---------------	-------------------------------------	-----

Оқушы шығармашылығы

А.ӘБДИЖАМИЕВ.	Ас атасы-нан.....	143
---------------	-------------------	-----

Ғ.ШӘРІБЖАНОВА,
Алматы энергетика және байланыс
университетінің доценті, ф.ғ.к.

КӨПТІЛДІЛІК – ЗАҢДЫ ҮДЕРІС

Мақалада еліміздегі көптілділік мәселесі қарастырылған. Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша іске асырылатын шаралардың маңыздылығы талданады. Жоғары оқу орындарындағы көптілділік мәселесінің іс жүзіндегі орындалу барысының нәтижелері көрсетіліп, көптілді маман дайындау мәселесі бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: көптілділік, тіл саясаты, заң актілері, жаңа технологиялардың енгізілуі, кәсіби бағытталған тілдер.

Әлемде көптілділіктің таралуы – экономикадағы, саясаттағы, мәдениет пен білім берудегі түбегейлі өзгерістермен шарттастырылған заңды үдеріс. Көптілді білім берудегі ерекшелікті мақсатты бағытталған, жүйелі түрде ұғыну салыстырмалы түрде алғанда, шет тілді оқытудың тиімді әдістерін есепке алмағанда, көп болған жоқ. Шындығында, зерттеушілердің күш-жігері осы күнге дейін негізінен екі тілді білім беру мәселесіне жұмылдырылып келді. Үшінші тілді игерумен байланысты үдерістер соңғы уақыттарда ғана зерттеу нысанына айналды.

ЮНЕСКО тұжырымдамасына сәйкес «көптілді білім беру» білім беру жүйесінде ең аз дегенде, үш тілді пайдалануды ұсынады: ана тілі, аймақтық немесе ұлттық және халықаралық тіл [1].

Тіл саясаты мен көптілділік қағидасы Европалық одақты құрудағы басым мәселе болды. 1995 жылы Европалық комиссия барлық европалық азаматтар үшін үштілділікті мақсат еткен білім беру мәселесі туралы ресми баяндама жариялады. Комиссия бірыңғай нарық жағдайында ақпараттар ғасырында үштілділік мәселесінің маңыздылығын атап көрсетті [2].

Қазақстанда үштілділік идеясын алғаш рет Н.Назарбаев 2004 жылы айтты. 2006 жылы қазан айында Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Президент тағы да үштілділік біздің болашақ балаларымыз үшін маңызды екенін атап өтті. Ал 2007 жылы өзінің «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» атты халыққа Жолдауында үштілділікті кезең-кезеңімен жүзеге асыруды ұсынды. Оның ішінде, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін халықаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілін ғаламдық экономикаға табысты түрде біріктіретін тіл ретінде қолдануды баса айтты [3].

Көптілді білім беру келесі заң актілерімен бекітілді: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы, «Білім беру туралы» Заң, Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беруді дамыту туралы тұжырымдама, т.б. [4]. Жоғарыда аталған құжаттарда көптілді білім беруді басқарудың заманауи тиімді жүйесін құрудың қағидасы, көптілділікке оқытудың қызметі мен орны белгіленді.

Бүгінгі күні негізгі құзыреті үштілділік, евразиялық көпмәдениеттілік, коммуникативтілік болып табылатын Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды институционалдық

қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың аяқталғандығын айтуға болады [5].

Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы үш кезеңмен жүзеге асырылып келеді. Бірінші кезеңде (2011-2013 жж.) тілдердің ары қарай қызмет етуі мен дамытуды жетілдіруге бағытталған нормативтік-құқықтық және әдістемелік негізі бойынша кешенді шаралар жүргізілсе, екінші кезеңде (2014-2016 жж.) мемлекеттік тілді, сондай-ақ көптілділікті сақтауды үйрену мен қолдануда жаңа технологиялардың енгізілуі мен әдістері бойынша тәжірибелік шаралар кешені жүзеге асырылды. Үшінші кезеңде (2014-2016 жж.) қоғам өмірінің барлық саласында мемлекеттік тілдің сұранысқа қаншалықты ие болғандығының көрсеткішін жүйелік нәтижелерін бекіту арқылы жүзеге асырылатын болады. Сонымен бірге басқа тілдердің де қолданылу деңгейін сақтау қарастырылады. Бағдарламаны жүзеге асыруда елімізде 2014 жылы мемлекеттік тілді игеруде ересек тұрғындардың 20%-ы, 2017 жылы 80%-ды құраса, 2020 жылы 95%-ды құрайды деп күтілуде. Ал орыс тілін игергендер 2020 жылға қарай 90%-дан кем болмайды деп күтілуде. Республика тұрғындарының ағылшын тілін меңгеруі 2014 жылы 10%-ға тең болса, 2017 жылы - 15%, ал 2020 жылы - 20% болады деген болжам бар. Ал үш тілді меңгергендердің үлес салмағы (мемлекеттік, орыс және ағылшын) 2014 жылы 10% болса, 2017 жылы 12%, 2020 жылға қарай 15%-ке жетуі мүмкін.

Бұл тұжырымдама көптілді білім беруді жас ұрпақты әлемнің өзара байланысты және өзара тәуелді жағдайында өмір-тіршілік әрекетіне дайындаудың ықпалды құралы ретінде қарастыра отырып, мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін өзара

әрекеттестікте үйлесімді тереңдете оқытуға бағыт көрсетеді. Қазақстан Республикасының Тілдер туралы Заңына сәйкес, үш тілді еркін меңгерген мамандарды дайындау барысында кәсіби-бағытталған тілдерге оқытуға айырықша көңіл бөлінеді және әрине, бұл мамандардың бәсекелестігін арттырады [6].

Бағдарламаны көптілді білім беруді барлық талаптар мен жағдайларға байланысты жүзеге асыруды қамтамасыз етуде негізгі талап маман мәселесі болып табылады. Ағылшын тілді педагог мамандарын орта, техникалық және кәсіби, жоғары білім беруге дайындауға ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық шәкіртақысының аясында мүмкін болғандығын атап айтуға болады.

Еліміз үшін инновациялық кадрларды дайындау жүйесін жаңғырту бағыты қаншалықты маңызды болса, біздің Алматы энергетика және байланыс университетінің де бұл жолда атқарып жатқан істері баршылық. Университет жоғары білімді жетілдіру (модернизация) жолында өзінің негізгі міндеттерін айқындады. Көптілді білім беруді кезең-кезеңімен енгізуді ұйымдастыруда көптілді білім беруді дамыту Стратегиясы мен Бағдарламасының әзірлемесіне сәйкес студенттерді бакалавриат, магистратура және докторантураның басымдық алған мамандықтары «Электрэнергетика», «Жылуэнергетика», «Радиотехника және байланыс», «Ақпараттық жүйелер» бағыттары бойынша оқыту жүргізіліп келеді. Көрсетілген мамандықтар бойынша көптілді топтар қалыптасты, білім алушылардың құрамы анықталды, олардың біліміне бақылау жүргізілді, шет елде алған оқыту және жұмыс тәжірибесі, ғылыми дәрежесі бар білікті кадрлар жұмысқа тартылды, негізгі және бейінді пәндер

бойынша сабақ жүргізетін оқытушылардың тілдік құзыреті анықталды. Сонымен бірге студенттердің екінші жоғары білім алуына мүмкіндік туғызылған. Ол үшін Москваның экономикалық университетімен келісімшарт жасалған (МЭИ).

Көптілді кадрларды дайындауда типтік оқу жоспарларының негізгі пәндер тізбесіне «Кәсіби-бағдарлы шет тілін», «Кәсіби қазақ/орыс тілдерін» кіргізу бірден-бір тиімді жол болып табылады. Алматы энергетика және байланыс университетінде бұл мәселе де өз шешімін тапқан.

Жүргізілген бақылаулар университетте әлі де өткір мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Яғни, тілдік емес пәндер бойынша арнайы курстардың ұйымдастырылғанына қарамастан, оқытушылардың ағылшын тіліндегі әзірлігінің жеткіліксіз екендігін, ағылшын тіліндегі отандық оқулықтардың, ағылшын тілінде сабақ беретін оқытушылардың үнемі біліктілігін көтеру жүйесінің жоқтығын айтуымыз керек. Көптілді кадрларды дайындау мәселесі бойынша төмендегі кемшіліктерді жою қажет:

көптілді мамандарға қойылатын талаптарға қазіргі біліктілік талаптары мен мінездемелерінің сай келмеуі;
көптілді білім беруде нормативтік және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жоқтығы;

көптілді білім беруді енгізуде шет елдердің тәжірибесін үйренудің жеткіліксіздігі;

көптілді маманның еңбек нәтижелерін бағалау тетігінің жетілдірілмегендігі;

көптілдік жағдайында техникалық жоғары оқу орындарындағы орыс топтарының азаюымен байланысты қазақ тілі мамандарының алатын орны,

т.б.;

кәсіби қазақ тілін орыс тіліндегі топтармен қоса, қазақ топтарында да өткізу қажеттілігін айқындау. Сонымен, Қазақстанның тілдік саясаты үш тілді теңдей пайдалану негізінде тілдік мәдениетті зерделі өзгертуді қояды. Бұл біз үшін ұтқыр мега-мәдени әлемге біртіндеп енуді іске асырады.

Мәлім болғанындай, көптілді білім беру Европалық білім беру стандарттарымен оқу жоспарларының өзара байланыстылығы мен біріздендірілуі Болон үдерісінің негізгі параметрлерін орындаумен тығыз байланысты. Тәжірибе жүзінде «білім берудің екі түрін» енгізумен байланысты ұстаным болу керек: математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша пәндер шет тілінде, әлеуметтік, гуманитарлық пәндер қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

АЭЖБУ-дегі оқу үдерісі көптілді білім беру талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. Яғни, ағылшын тілін деңгейлеп оқытудың әдістемесі енгізілген, көптілді білім берудің әдістемелік негізі жетілдірілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. Париж, 2003. -38 с. [ЭР]. Режим доступа:http://www.unesco.org/new/ru/media-services/single-iew/news/multilingualism_a_key_to_inclusive_education/#.VNbyXufqCJU.

2. Teaching and Learning: Towards the Learning Society // European Commission's White Paper, 1995 Brussels: The European Union, 1995. [ЭР]. Режим доступа:www.bonynetwork.eu.

3. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. -2012. 10 июля. № 218-219.

4. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года. [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/search/docs/va=КОНС>. Закон «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III // Казахстанская правда. 2007 г. № 127. 15 августа.

5. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>.

6. Закон Республики Казахстан «О языках» от 11 июля 1997 года. [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000>

Полиязычие – законный процесс

В статье рассматриваются проблемы полиязычия. Анализируется важность реализуемых мер по программе развития языков. Показываются результаты внедрения полиязычия в высших учебных заведениях. Предлагаются проблемы подготовки полиязычных кадров.

Ключевые слова: полиязычие, языковая политика, законодательные акты, внедрение новых технологий, профессионально ориентированные языки.

Polyazychie - a legitimate process

The article deals with the problems of multilingualism. The importance of implemented measures on the program of language development is analyzed. The results of introduction of polygamy in higher educational institutions are shown. The problems of training of the multilingual staff are suggested.

Key words: multilingualism, language policy, legislative acts, introduction of new technologies, professionally oriented languages.

Ү.ӘМІРХАНОВА,
Қаптанбек аграрлық-
техникалық колледжі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сарыағаш ауданы

ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІЛІК ПЕН БІРЛІКТІҢ НЕГІЗІ

*Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.*

Ғ.Мүсірепов.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деп атап көрсеткендей, тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш. Ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне топтастырушы, біріктіруші ретінде де саналады. Сондықтан мемлекеттік тілді білу - өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн.

Елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін баянды етудің аса маңызды факторларының бірі – ұлттың тұтастығы мен бірлігі. Ал ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі, түптеп келгенде, ұлт тілінің тұтастығымен тығыз байланысты. Өйткені ұлтты ұйыстыратын, оның өзге этностардан өзгешелігі мен айырмасын айқын аңғартатын негізгі белгісі де, бет-бедері де оның тілі, әсіресе ұлттық әдеби тілі. Олай болса, Қазақстандағы көп мәдени қоғамның ұйытқысы

не дегенде, ең алдымен, мемлекет құрушы этнос – қазақтың мәдениеті мен тілі дегенге келеміз. Қазақ халқының қанында бар басқа ұлтқа – адамзат баласына деген жанашырлық, толеранттық қатынас. Тілдің негізгі қызметі – халықты біріктіру. Демек, мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару орындарында негізгі тіл ретінде қолданылуын қалыптастырған жөн. Қызметке аларда мемлекеттік тілде ойлайтын, сөйлейтін, терең сусындаған, қазақтың болмысын ұғатын қарымды да қабілетті жастарды алып, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жазуға баулу шарт. Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет», - деп тіл дамыту мәселесінің маңызын аша отырып, Үкіметке арнайы бағдарлама жасау жөнінде тапсырма берген еді.

Бұл-басты тапсырма. Барлық қазақтың ана тілін одан әрі дамытуы - негізгі тапсырмасы. Қазақ тілін қазақстандықтарды біріктіруші факторға айналдыру үшін қазақ тілін өз ұрпағымыздың тілі ретінде қалыптастыру мәселесі тұр.

Қазақ тілін оқыту барысындағы тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдер

Тілді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануымыз қажет. Білім берудің қай түрі болса да, негізінен сабақты ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Сондықтан сабақты дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің әдіс-тәсілдері, жаңаша ізденісі, жаңалыққа ұмтылысына байланысты іске асады. Соңғы жылдардағы ақпараттандыру заманында шығып жатқан сан алуан технологиялар мен әдіс-тәсілдердің тиімдісіне

сүйеніп, соларды меңгеруге ұмтылуымыз керек. Ол үшін сабақтарда қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі – коммуникативті пікір алмасу әдісі мен тіл дамытуды қолға алып, осы тәсілді тіл дамытуда қолданған өте тиімді деп ойлаймын.

1. Коммуникативті пікір алмасу әдісі.

Мақсаты:

1. Шешендік дағдыны жетілдіреді.

2. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйретеді.

3. Анық, әсерлі, нақты сөйлеуге баулиды.

4. Достыққа, жылылыққа, сыйластыққа, пікірмен санасуға, өзгеге құрметпен қарап, пікір таластыруға үйретеді.

5. Сөйлесу кезінде оқушы бір мезгілде жазу және ойлау, айту қабілетін жетілдіреді.

Коммуникативті пікір алмасу әдісінің негізгі құрылымдық элементтеріне мыналар жатады: мақсат, мазмұн, әдістер, формалар, құралдар, оқушы, оқытушы және нәтиже.

Оқытуға тән белгілер:

1. Негізділігі (өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт).

2. Жүйелілігі (құрылымдық элементтердің біртұтастығы)

3. Басқарылмалығы (оқыту үдерісін жоспарлап, нәтижесін бастан-аяқ тексеруге болатындығы).

4. Тиімділігі (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге жеткізу тиімділігі).

Коммуникативті пікір алмасу әдісі әр түрлі тәсілде жүргізіледі. Олар:

1. Талқыланатын тақырып жөнінде қысқаша баяндау.

2. Рөлдік театрланған ойын көрсету.

3. Кинофильм, бейнефильм көру бойынша мәлімет тыңдау.

4. Экспертті шақырып, тақырып бойынша түсінік қалыптастыру.

5. Оқушылар алдын – ала тақырыпты оқып, даярлап келіп, мұғалімнің пысықтау жұмысын ұйымдастыруы.

6. Екі-үш оқушының хабарламасын тыңдау.

2. Тіл дамыту.

Тіл дамыту дегеніміз – оқушылардың сөз байлығын молайту арқылы дұрыс, қисынды сөйлеуге үйрету.

Мақсаты: Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру, жаңа сөздерді меңгерту яғни қолдану дағдысын қалыптастыру, ойын анық жеткізу, сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету және тілдік қатынасты игерту.

Міндеттері:

- оқушының тіл туралы түсінігін кеңейту;
- тілдің қоғамдық, әлеуметтік қызметін таныту;
- сөйлесім компоненттері (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) бойынша қатысымдық дағдыларын жетілдіру;

- тілдік жағдаятқа сай қарым-қатынас жасауға дағдыландыру;

- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Өзекті мәселе:

- әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдаяттар туғызу, шығармашылық қабілетін дамыту;

Жүзеге асыру тиімділігі мен мүмкіндіктері:

- пәнге деген қызығушылығы мен ынтасы артады;
- оқушы өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен айналысады;

- оқушы бойына құзыреттілікті қалыптастырады;

- олардың әрқайсысының деңгейі анықталып, бағалауға мүмкіндік туады.

Күтілетін нәтиже:

- сабақтың мәнін терең ашуға көмектеседі;

- оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
- тілді үйренуге деген қызығушылығы оянады;
- өз ісіне талдау жасай алады.

Тіл дамыту – қазіргі мектептің оқу тәрбие ісіндегі басты мәселе – тіл мен сөйлеу үдерісін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Әр мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздеріне қолдана білуіне жағдай жасайды. Оқушының тілін дамыту жұмысы-баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады, яғни оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырылса, сондай-ақ, ойлау мен сөйлеу үдерісінің бірлігінде ұйымдастырылады.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру – қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі заман талабына сай білім беру үрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда, осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырылады.

«Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңында» «Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту»-дейтін тұжырымдар бүгінгі білім

берудің мақсаттары мен міндеттерін ғана емес, тіл дамытудағы өзекжарды мәселелерді де айқындайды. Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары.

Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады. Яғни, «барлық жаттығулар оқушылардың тілін дамытуға бейімделе жүргізілуі тиіс. Тіл сабағы негізінен оқушыларымызға тілімізді меңгертуді мақсат етіп қойды. Олай болса, оқу мен жазу сабақтарында әдеби тіліміздің нормаларын сақтау дағдысы бірдей дәрежеде берілуі қажет» - деген ұстанымды басшылыққа алсақ, тіл дамыту жұмыстарына бастауыш сыныптың өзінде-ақ баса назар аударылу қажеттігіне көзіміз жетеді.

Тіл дамытудың басты құралы сөздік қорда жатады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді. Тіл дамыту жұмыстарында басшылыққа алатын басты мәселелердің бірі оқушылардың сөздік қорды, ауызекі сөйлеу тілін тиімді ережеге сәйкес құра білуінде жатыр.

Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты

жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Тіл дамыту жұмыстары ауызша-жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар жасату, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады.

Оқушының сөздік қорын байытып, тілін ұстартуда шешуші рөл атқаратын жұмыстардың бірі-сөздік жұмысы. Сөздік жұмысы арқылы оқушының тіл байлығын молайтумен қатар, дұрыс жазуға да дағдыландыра аламыз.

Тіл дамытудағы өнімді тәсілдердің бірі – шығармашылық тапсырмалар.

Шығармашылықтың түрі әр алуан, мәні біреу – ол жаңа мазмұн жасау. Озық педагогика: әрбір бала өзінше талантты, әрқайсысы шығармашыл бола алады. Шығармашыл бала өзінің қабілетін, күш-қуатын, бейімділігін сезіне алатынын дәлелдейді. Тамаша педагог В.Сухомлинский: «Шығармашылық арқылы тұлғаның рухани байлығы қалыптасады, шығармашылық адамды адамға тартатын магнитпен тең. Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, тәрбиешілердің негізгі мақсаты баланы өмірге, еңбекке шығармашылықпен қарауға үйрету» - деп атап көрсеткен. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдері мен жазба тілдерін тіл дамыту жұмыстарында бірлікте ала отырып жүргізудің тиімділігі зор. Оқушыларды тіл дамыту жұмыстарында шығармашылық жұмыстарға жетелеуде төмендегідей талаптарды басшылыққа алуға болады:

- шығармашылық жұмыстар жеке тұлғаның қабілетін дамытуға бағытталды;
- білімді өз беттерімен алу іс-әрекеттері көзделді;
- шығармашылық ізденістеріне жол ашылды;

- оқушылардың қызығушылығына түрткі жасалды;
 - модель, жоба құруларына, ой еркіндіктеріне, т.б. жол ашылады;
 - іздендіру, зерттеу жұмыстарына жұмылдырылады.
- Тұжырымдай келгенде, шығармашылық жұмыстар:
- оқушының сөздік қорларын, көркем тілдерін байытады;
 - сауатты жаза білуге төселтіреді;
 - теориялық білімді тәжірибеде қолдануға жол ашады;
 - өз беттерімен ізденуге, шығармашылықпен айналысуға дағдыландырады.

Қорытындылай келгенде, қазақ халқының ана тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі- бай тіл. Бұл күнде қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар да қазақ тілін үйренуде. Олар қазақ тілін арнайы курстарда, мектептер мен университеттерде оқиды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев халыққа Жолдауында: «Біздер қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, дамытып келеміз, көп ұлтты және көп мәдениетті келісімін бірегей ұлттың алға дамуын қамтамасыз етеміз.» деген сөзін басшылыққа ала отырып, мемлекеттілік пен бірліктің негізі-тілімізді ұрпақ санасына мәңгіге қалыптастыру үшін балалар бақшасынан бастап коммуникативті пікір алмасу әдісі мен тіл дамытуды қолға алғанымыз жөн» деді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы. 1991.
3. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы. 1995.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы. 1993.

Қ.ӘЛМҰҚАНОВ,
№3 ЖОББҚМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы

ҚАЗАҚ СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Тіл тағдыры – ел тағдыры екендігін біздің бабаларымыз ежелден ұққан. Тарих керуендерінің ұлы жолының бойын жайлаған оларға сыртқы ықпал мен өзіндік даралықтың ұтымды арасалмағын ұстана білу қай кезде де тағдырлық мәселе болғаны белгілі. Ежелгі аңыздағы Қорқытты да, ел қамын құрсақта жатып ойлаған Асан қайғыны да желмаяға мінгізіп, «Жерұйықты» іздетіп жүрген тірі қалудың емес, елдікті жоғалтпаудың, қара жердің бетінде өз сипаты, өз қасиеті, өз тарихы, өз тілі бар халық болып қалудың қамы еді.

Халық деген ұғымға бүгінгі өмір сүріп отырған өзіміз ғана емес, біздерден бұрынғы ата-бабаларымыз да, бізден кейін жасайтын мұрагер ұрпақтар да жатады. Бұл жалғастық пен тұтастықты сақтағанда ғана бүгінгі ұрпаққа аманат ана тілімізді болашақ ұрпаққа бар сәнімен, бар мәнімен табыс ете аламыз.

Ұлттың ұлы байлығы, басты тұғыры – тіл.

Шындығында осылай десек те, тіл төңірегінде алуан көзқарас, кереғар пікірлер де кездесіп қалады. Неліктен тіл төңірегінде кереғар пікір болуы керек?

Көрнекті қоғам қайраткері, ірі тіл маманы, реформатор Ахмет Байтұрсынов 1914 жылы шыққан «Тіл құрал» еңбегінде «Кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз ана тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілінде оқыта бастады. Біз де осы тілімізбен оқытып, содан соң басқаша оқытумыз керек» деген еді.

Міне, нағыз көрегендік! Ана тілінің ең бірінші қорғаушысы да, қорғанышы да ұстаздар қауымы екені анық. Демек, ана тілін насихаттап, жас ұрпақ бойына оған деген құрмет сезімін ояту – ұстаздардың қазақ халқы алдындағы басты да абзал парызы.

Осыдан бір ғасыр бұрын, яғни XX ғасырдың басында көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Сабак беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын - өнер» деген екен. Ата-бабамыздың ана тілін асқақтата аялаған дәстүрін дәріптеп, тілімізді бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру жолындағы ұстаздық тәжірибемде алдыма қойған мақсатым – оқушыларды ана тіліміздің қадір-қасиетін мейлінше терең түсініп, қазақ тілінің мүмкіндігін молынан пайдалана алуына, сауатты да саналы тұлға қалыптасуына ықпал жасау.

Қазақ тілі – басқа барлық пәндер сияқты оқытып,

білім берудің өзіне сай, белгілі бір мақсаттарын көздеген, міндеттері өз дәрежесінде анықталған, оқушылардың жас ерекшелігін, психологиялық әрекетінің мүмкіндігін ескерген ішкі заңдылықтары, оқыту ережелері болуын талап ететін пән. Қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтудің, теориялық ойлай білудің үлкен деңгейлерін жеткізе алудың нәтижелі де тиімді жолдарын іздестіру барлық уақытта да өзекті мәселе болғанымен, қазіргі кезеңде аса қажетті болып отыр. Оның себебі – Қазақстан Республикасы дүниежүзілік байланысқа араласып отырған кезеңде қазақ мектебін бітірген баланың теориялық ойлай білу деңгейі ешкімнен де кем емес, тіпті мүмкін болса артық болуын ойлай білуіміз керек.

Қазақ тілін оқытуды биік деңгейге көтеруді талап етіп қойып отырған осы кезеңде оқушылардың ойлау мен ойлану дәрежесін бұрынғыдан да биіктететін, ғылыми-теориялық ойлай білу деңгейіне жеткізе алатын жаңа жолдар мен әдіс-тәсілдер іздестіру қажет. Мұның өзі дамыта оқытудың тағы бір сатысына көз жіберу деп бағаланса дұрыс болар еді. Осы ретте жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілін тереңдетіп оқытудың тиімділігі мен артықшылықтары оқушылардың лингвистикалық қабілетін дамытып, ойлау деңгейін қалыптастыруда үлкен рөл атқармақ.

Қазақ тілін тереңдетіп оқытудың жолға қойылуы – бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраныс талабынан

туындап отырған мәселе. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қолданыс өрісінің кеңеюі, Кеңес дәуірі кезінде өзге тілдің өктемдігінен табиғи арналарынан ажырап қалған ана тілімізді өрістетуге деген талаптың күшеюі республикамыздағы білім беру жүйесінің негізгі буыны болып саналатын жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі пәнінің рөлі мен маңызының артуына қажетті алғы шарттарды қалыптастыруды керек етеді. Бұл орайда негізгі шарттар – қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын жаңарта отырып, оқушыларға терең білім беру, олардың коммуникативтік біліктілігін арттыру, ана тілін сөз мәдениеті талаптарына сай деңгейде дұрыс қолдана білу және құзыреттілікті іскерліктерін жетілдіру. Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде ауыл баласы қазақ тілін білмейді деу шындыққа жанаспас, алайда олардың тіл байлықтары мен сөздік қорлары қаншалықты бай деген сұраққа жауап табу қиын шығар?!

Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 02-04-11-1017 бұйрығы (12.05.1998 жылғы) негізінде 7-сыныпта 2 сағат, 8-сыныпта 2 сағат және 9-сыныпта 1-сағат негізгі жүктемеге қосымша сағат қосу арқылы жүргізіледі.

Қазақ тілінен терең білім беру оқушыға академиялық тіл біліміндегі бар ғылыми категорияларды үстемелеп ұсынумен шектелмейді. Жалпы білім беретін орта

мектептерде оқытылатын қазақ тілінің мақсаты тілдің қоғамдық әлеуметтік мәнін, тіл қызметтерін жүйелі меңгерген, сөз мәдениеті талаптарына сай білім-дағдылары жетілген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу. Демек, қазақ тілін күнделікті қарым-қатынас тілі, ауызекі сөйлеу дағдысында қалып қоюдан сақтау. Қазақ тілін тереңдетіп оқытатын сыныптардағы мақсат та осылай қойылады. Тек айырмашылық оқушының өзіндік ізденісіне негіздей отырып білім алуына және біліктерді меңгеруіне қажетті жағдайларға молырақ мүмкіндік беру ескеріледі. Бұл орайда егер жалпы білім беретін сыныптарда білімді тақырыптық таныту жолымен меңгеруге, яғни мұғалімнің көмегіне көбірек ден қойылса, тереңдетілген сыныптардағы қосымша сағаттарда оқушының өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындауына мән беремін. Яғни, білім мен білік оқушының өздігінен ізденуіне, түрлі тілдік жағдаяттарды шешуіне және тілдің лингвистикалық дүниетанымының кеңеюіне жол ашатындай тілді әр қырынан тану жолымен меңгереді.

Күнтізбелік жоспарға сай берілген әрбір тақырыпты ғылыми тұрғыдан түсіндіре отырып, оның өткен тақырыппен сабақтастығы, ұқсастығы және айырмасын оқушының өзіне таныту, талдау, ғылыми негізін айыру сияқты ізденіс, жаңалыққа құштарлық сезімін ояту, әрбір жеке оқушыға тапсырма беру арқылы жүргізіледі.

Теориялық ережені арнайы дайындалған мәтінмен

байланыстыра отырып оқыту сабақтың тиімділігін арттырады. Мысалы, біріншіден, пәнаралық байланыс орнаса, екіншіден, оқушының ізденуіне, дүниетанымын кеңейтуіне жол ашады, үшіншіден, тіл байлықтары мен сөздік қорлары молаяды.

Сондай-ақ төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

- оқушылардың шығармашылық дербестігін дамытады оның жеке тұлғасын қалыптастырады;
- танымдық іс-әрекет түрлері белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;
- теориялық білімдері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;
- сабақ барысында дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тереңдетілген сынып оқушыларының бойынан мынадай қасиеттерді байқау үшін дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа аламын:

1. Ғылымилық.
2. Жүйелілік.
3. Бірізділік.
4. Жас ерекшеліктерін ескеру.
5. Саналық пен бейімділік.
6. Теорияның тәжірибемен байланыстылығы.

Тереңдетілген сыныптағы басты ерекшелік тілдік ережелерді құрғақ жаттату емес, алған білімдерін өмірде қолдана алу машықтығын қалыптастыру. Екіншіден, әдеби тіл оның нормалары, тіл мәдениетін арттырудың жолдарын оқушы ұғымына сай ықшамдап беру. Себебі кейінгі уақыттарда мектеп оқушылары арасында өз ойларын жатық, шебер де шешен, анық та айқын, дұрыс та дәл жеткізе алмайтындар көбейді, кейбіреулері әдеби нормаға жатпайтын сөздерді жиі қолданады.

Қазақ тілінің тереңдетілген бағдарламасын әзірлегенде дидактикалық, әдістемелік ұстанымдарын теория мен тәжірибенің бірлігін нығайту, яғни, тілдік білім мен коммуникативтік біліктің қатар қалыптасуына жол ашуды көздей отырып тереңдетілген білім мазмұнында қазақ тіл білімі салаларының бір-бірімен ұштастырыла берілуін қамтамасыз ету.

Оқушыларға қазақ тілі пәнінен берілетін білім ғылыми негізде беріліп, түрлі кесте, сызба жасауға, тілдік есептерді ойлап шығаруға, сөзжұмбақ, ребус құрастыруға үйретіп, өз беттерімен жұмыс жасауға дағдыландыру, тест сұрақтарын әзірлеу, сауатты жазуға, мәдениетті сөйлеуге машықтандыру.

Оқушыға ой, әрекет еркіндігі берілсе, оның әрбір ізденіс жұмысының жағымды жағына көңіл бөлінсе, ынталандырып отырса, мақсатты нәтижеге жетуге болады. Жазба жұмыстарды мақсатты түрде жүйелі жүргізу арқылы оқушыларды өз ойын жазбаша

дұрыс баяндауына дағдыландыруға болады. Бір ғана тақырыппен шектелмей, бірнеше тақырып ұсынуға және нақты мақсатқа бағыттап хат, эссе, шағын әңгіме, өлең жаздыруға болады. Мысалы, 8-сыныпта «Досқа сыр...», «Кітап-ақылшым» немесе «Жауынгер бабалардың жалғасымын» тақырыптарын беріп, шығарма шарты: сөйлемнің айтылу мақсатына қарай және жай сөйлем түрлері қамтылуы керек. Бастауыштан кейін қойылатын сызықша кездесуі шарт. Осындай тапсырма оқушылардың сөз байлықтарын молайтып, ой өрісін дамытады. Әрі олар өз ойларын нақты теориялық білімді ескере отырып, өткен материалды еске түсіріп, жазуға тырысады. Нәтижесінде баланың теориялық материалды қаншалықты меңгергенін және оны тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігін байқаймын.

Оқулық жаттығуларымен шектелмей, жазба жұмысын түрлендіріп қолданған жөн. Оқыту барысын баланың шығармашылық ойлауына арнайы бағыттап құру оқушының көзқарасын түбегейлі өзгертеді: ол өз іс-әрекетінің ұйымдастырушысына айналады. Оқушы жауабының шығармашылық ойлаудан туып, тілдік құбылыстардың заңдылықтарымен байланысты болуы сабақ үстінде үнемі естен шығарылмай, қадағалануы керек. Оқушы оқытудың әрбір қадамына қарайды, оны талдап түсінуге тырысады, өз болжамын ұсынады. Шығармашылық еркіндік сезімі оқытуды саналы, өнімді және нәтижелі етеді. Мұғалімде оқытудың мазмұны

мен тәсілдерін таңдауда қабілеттілік пен мүмкіндік болуы керек. Сонда ол оқушының ұмтылысын қуаттап, қабілеттерін дамыта алады, оқытпайды оның оқуына және өздігінен ізденуіне бағыт береді. Мысалы, «Қазақ – жылқы мінезді халық» деген сөздің мағынасын ашу тапсырылды.

Жылқы қандай жануар? (анализ)	Қазақ қандай халық? (синтез)
Текті, лас су ішпейді.	Жеті атадан бері қыз алыспайды, тегін таза ұстайды.
Кірпияз	Бір атым насыбайға бола өкпелеп қалады.
Аз оттап, көп жусайды.	Қанағатшыл.
Жүйрік, мықты, төзімді.	Сертке берік, антқа адал, сөзге жүйрік, шешен.
Жершіл	Отаншыл, отансүйгіш.
Шабысқа шыдамды, жаугершілікке мықты.	Жауынгер, әділетсіздікке төзбейді.
Адам қолға үйреткен, иесіне адал.	Меймандос, қонақжай, досқа берік.
Үйір-үйір болып өмір сүреді.	Ағайынға, тума-туысқа қайырымды, балажан.

Мақал-мәтел	Кәсіби сөз	Көнерген сөз	Неологизмдер	Тұрақты сөз тіркестері
Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше. Ер қанаты – ат.	Таға, таңба, үйір, шылбыр, нокта, жүген, атбегі, шабандоз.	Шоқпар, сойыл, барымта.	Ипподром, тотализатор.	Тайға таңба басқандай, ат төбеліндей.

Бұл кестеге әрі қарай омоним, синоним, антоним сөздерді қосуға да болады. Қорыта айтқанда, тереңдетілген сынып ашудағы мақсатым – заман талабына сай қазақ тілінің тек қана пән емес, ғылым екендігіне теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да ерекше мән берілуі, сабақ барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығына баса назар аударылуы, оқушының ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуде, пікірін білдіруде еркіндікке жол ашып, дамыта оқытылуы.

Болашағы бар ұлт бүгінгі мен ертеңгі ұрпағының сана-сезімін ана тілінде тәрбиелесе ғана тарих сахнасының төрінен орын алары хақ. Өйткені ұлттық даму рухани сабақтастық негізінде жүреді. Әрбір өскелең жас ұрпақ алдыңғы аға буын жалғастырған жолды, ата-баба өсиетін түсініп, сезініп барып өркендейді. Ұлттық болмыстың тек өзіне ғана тән, қайталанбас құндылығы, ерекшелігі – тіл. Ұлтты сақтау – тілді сақтау. Сондықтан да тілдің құдіретіне бас июден, сол құдіретті тануға, ілгері дамытуға деген құлшынысымыздан айырылып қалмайық! Ұлттың да, ұлт тілінің де болашақ иегері болатын жастарымызды соған баули берейік!

Дөңгелек үстел

Р.ГИЗЗАТОВА,
Е.Ниетқалиев атындағы ЖББОМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Жәнібек ауданы,
Қамысты ауылы

ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ӨЗЕКТІЛІК – ТӘЛІМГЕРЛІК

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сай дамуы тиіс.

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Білім беру әдісі өзгеріп, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Жаңартылған бағдарлама жаңашыл ой тудырды демекші, негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған.

Білім мазмұнындағы жаңашылдықты дұрыс қабылдап, оқу үрдісіне енгізіп, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру және мектептің даму жолдары мен іс-тәжірибесін тарату, насихаттау мақсатында «Е.Ниетқалиев

атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нде «Жаңартылған бағдарлама: өзектілік, жаңарту, тәлімгерлік» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Семинарға аудан мектептері мен жетекші мектептердің үйлестірушілері және бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Шақырылған қонақтарды тәлімгер Т.Меңдіғалиеваның ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» балалар ұйымының көшбасшылары «Ұстазыма мың алғыс!» акциясымен қарсы алды. Семинарды мектеп директоры Е.Куанов ашып, мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама екенін айта келе, тақырыптық семинардың мақсат-міндеттерін және бағдарламасымен таныстырды.

Сонымен қатар жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етуіне қарай жаңалықты жатсынбай қабылдайтын ұстаздар қауымының тәжірибе алмасуына орайластырған семинар бағдарламасының маңызын тарқатты.

Игі істің ұйытқысына басшылық жасай келген АБББ-нің бастауыш әдіскері Т.Кисекова «Жаңартылған білім беру мазмұны – сапалы білім кепілі» тақырыбында баяндама жасап, білім, дағды,

іскерліктің қалыптасуының бастамасы болар бастауыш сатысындағы жаңаша ақпаратпен ой бөлісті.

Семинардың екінші бөлімі қатысушы мұғалімдер мен мектеп психологі Г.Сабырғалиеваның «Жылы құшақпен» психологиялық тренингіне ұласты.

Мектеп тренері ретінде жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі Ж.Мұқатовпен бірге «Жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшеліктері мен маңызы» тақырыбында коучинг ұйымдастырдық. Коучингте білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалаудың теориясы мен практикалық жолдары қарастырылды.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту өткен оқу жылынан бастауыш сыныптардан басталды. «Білім негізі - бастауышта» демекші, мектебіміздегі бастауыш буынның жаңашылдығымен танысу сәті ұстаздардың кәсіби мерекесімен және мектебіміздегі «Балауса» әдістемелік бірлестігі жұмыстарына бүгінгі күнге дейін жетекшілік етіп, жастарға тәлімгерлігін аямай, көшбасшы болып келген бастауыш сыныбының жоғары санатты ұстазы Жамиля Валиевнаның зейнеткерлік жасымен тұспа-тұс келді. Сондықтан осындай маңызды шаралардың басын біріктіретін бүгінгі аудандық семинар бастауыш сыныптарында ұйымдастырылуына орай семинардың негізгі бөлімінде бастауыш сынып мұғалімдері Ж.Қадырғалиева, Г.Қабетенова, А.Бисюкова және Ұ.Айтпукешеваның

ашық сабақтары өтті.

«Жаңашылдық – өзектілік – тәлімгерлік» тақырыбындағы дөңгелек үстел өз уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын, шығармашыл, жалығуды білмейтін, ұрпағы үшін аянбай, үлкен абыроймен қызмет етіп, ұстаздардың ұстазы атанған, өзінің ұстаздық жолын таза еңбекпен өрген білімді, іскер, тәжірибелі қымбатты ұстазымыз Жамиля Валиевнаның шығармашылығына, пікір алмасудың рефлексиясы Эдвард де Бононың «Ақылдың алты қалпағы» атты жан-жақты ойлауды қажет ететін жағдаят төңірегіндегі рефлексиясымен аяқталды.

Ұстаздардың төл мерекесімен тұспа-тұс келген ауқымды семинар мектебіміздің ардагер ұстаздардың қатысуымен, Ж.Қадырғалиеваның зейнеткерлік жасымен ұштастырылып «Шын жүректен» телебағдарламасымен өткен мерекелік шараға ұласты.

Ақ тілектер ағылып, сәтті өткен семинардың жақсылығы айтылып, мерейлі жас қонақтарының ұялы телефон арқылы Астана, Атырау, Орал және аудан орталығының сәлемдемелері бағдарлама арқылы жеткізілген тәлімі мол маңызды отырысымен қорытындыланды.

Айтары мол, берері көп семинар тақырыбының мақсаты маңызды бір мәселені айшықтады деуге болады.

Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА,
Жаңабұлақ орта жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жаңабұлақ ауылы

АҚЖАРЫЛҚАП БЕТБҰРЫС АЛДЫНДАМЫЗ

Ақордада латын әліпбиіне көшудің жай-жапсары егжей-тегжейлі айтылып, тіліміздің жарқын, өміршең қадамы жайында байыпты сөз болып жатқанына құлақ түріп отырмыз. Президентіміздің өзі әр әріптің, әр дыбыстың тағдырын ойлап, жіті назар аударып, бақылап отырғанына жұртымыз куә.

Бұл тілдің қасиеті мен кепиетіне тазғым деген сөз.

Латын әліпбиіне көшу – Қазақстанның әлемдік кеңістікке, әсіресе ақпараттық кеңістікке, бәсекелестік ортаға кіруге жасаған қадамы, «цифрлы дәуір» талаптарынан туындап отырған тағдыршешті мәселе. Демек, біз ақжарылқап бетбұрыс алдындамыз.

Цифрлы болашақ, заманауи ақпараттық технологиялар тіл түгіл, мемлекеттің рөлі мен қызметін де өзгертуде. Қазақстан дамыған елдердің қатарына тұрып, бірге адымдауы, цифрлы заман әкелген еркіндік пен ашықтықтың жаңа дәрежесіне дайын болуы шарт. Оның үстіне жаңа цифрлы экономикада мұнай мен газ дамыған мемлекеттердің табысының басты көзі болмайды. Табыстың негізгі бастауы да – IT-технологиялар болмақ.

Ақжолтай бетбұрысқа кіріспес бұрын бұл мәселе жылдар бойы сөз болып, ой-пайымдар жүректен өткізілді. Әрине, әлі де терең талқылауға салынады, екшеледі. Бүгінде латын графикасының қызметі әлдеқайда кең. Ол, сондай-ақ жер жүзіндегі ең көп таралған әліпби саналады: жуырда «Егемен Қазақстан» газетіне жазылғандай дүние жүзіндегі тәуелсіз елдердің 70 пайызға жуығы латын графикасын пайдаланады. Ең бастысы, біз ұмтылып отырған әлемдегі озық отыздықтағы елдердің басым көпшілігі, 22-сі тек латын қарпін қолданады. Қазіргі уақытта халықаралық деңгейде ақпарат алмасудың басты құралы-латын жазуы болып тұр. Әлемдегі барлық ақпараттың 70 пайыздайы латын қарпімен жазылады. Ғылыми ашылымдар, технологиялық жаңалықтар да алдымен латынша графикада жарияланады. Жаһандық энциклопедиялар мәліметінше, бүгінгі таңда ғаламшардағы оқи білетін адамдардың барлығы дерлік латын әліпбиімен таныс: себебі, ол қаріптер математика, химия, немесе шет тілдері пәнінде пайдаланылады. Соның арқасында халықаралық қатынастар әліпбиіне айналды.

Қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиіне көшуіміз әсіресе, жастарымыздың әлемдік қазіргі заманғы технологиялық ортаға, коммуникацияға, сондай-ақ, ғылыми және білім беру үдерісіне тереңірек кірігуіне жол ашады. Тілдің фонетикасы мен графикасының сәйкес келуіне кең жол ашылады. Сөйтіп, рухани отарсызданудың есігі айқара ашылады. Рухани жаңғыру деген осы. Ұлттық мінездің түлеуі деген осы. Қызыл империяның қол астында болған кезде тұсалып, әлденеше өзгертілген әліпбидің кесірінен табиғи түрінен ажыраған тіліміздің, төл жазуымыздың өрісі кеңейеді. Бұл халықаралық қоғамдастық өкілдерінің қазақ тілін үйрену жолын да жеңілдетпек.

Ә.ТУРДИНА,
«Қарасу орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы

С.МҰРАТБЕКОВ. **«ЖУСАН ИІСІ»**

Сабақтың мақсаты: шығарманың мазмұнын талдай отырып, жазушының кейіпкер бейнесін ашудағы шеберлігін таныту. Кейіпкер бейнесін құрастыру арқылы оқушылардың қиялы мен көркем сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қайырымды болуға, бауырмалдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, дамыта оқыту.

Оқушыларды екі топқа бөлу: «Ғылым», «Білім».
Әр топқа бес сұрақтан қойылады.

С.Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян бейнесі.

Жетім көрсең жебей жүр.

1-топқа:

1. Әңгімедегі кейіпкерлерді ата. (Аян, Есікбай, Бапай шал, Тұрған, Асылбек шал, әңгімеші бала)

2. Шығармада баяндалатын оқиға қай жылдары өткен? (1941-1945 жылдар)

3. Аян ертегісі қалай басталады? (Ертеде бір

жетім бала болыпты)

4. Аян тайдырып алған тобығын кімге салғызды? (Асылбек шалға)

5. Аянды талай жерге дейін шығарып салған кім?

2-топқа:

1. Аян алғашқы сауатын кімнен ашты?
(Иманжановтан)

2. Әжесі қайтқан соң Аян кімнің қолына көшті?
(Әжесінің тумасы Бапай деген шалдың үйіне)

3. Аяның кешкі қорегі не еді?

(«Тісің бар ғой» деп бір уыс бидай төгеді)

4. Аян алғашқы рет тобығын қалай тайдырды?
(Өрістен бұзау айдап келе жатқанда үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетті)

5. Ауыл қай жерде орналасқан? (Ешкіөлмес деген кішкене қоңыр таудың етегінде)

Аян бейнесін ашу. Постермен жұмыс. Постерді қорғайды.

Венн диаграммасы

Сол кездегі жетім балалар

1. Жоқшылықтан

2. Соғыс салдарынан жетім қалды.

Ортақ

Жетім

Жүректері сағынышқа, мұңға толы.

Қазіргі кездегі жетім балалар.

- 1) Ата-анасы ата-ана құқығынан айырылған;
- 2) Әке-шешесі қайтыс болған, тастанды балалар;
- 3) Әке-шешесінің қамқорлығынсыз алған балалар.

Тастанды балалар

1-топ. Аянға хат.

2-топ. Аяның ағасына хат.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: Әңгіме қалай аяқталады? Жазушы С.Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесінің негізгі түйіні-тағдыр талқысына түскен, жастайынан жетімдіктің зарын татқан жетім бала – Аян бейнесі. Аяның ақылдылығы мен намысшылдығы, сүйкімділігі мен төзімділігі үлкен адамға тән мінез. Кішкентай Аяның бойындағы осындай мінез оның ерте есейгендігі мен ақылдылығының белгісі. Ер баланың мінез-құлқында қайраттылық, намысқойлық, төзімділік, қамқорлық ерекше көрінуі тиіс. Сонда ғана ол жақсы азамат болып қалыптасады.

Үйге тапсырма беру. «Аяның болашағы» тақырыбына шығарма жазу.

А.ТҰҢҒАТАРОВА,
Есір Айшуақұлы атындағы
орта мектебі.
 Маңғыстау облысы,
 Маңғыстау ауданы,
 Жыңғылды ауылы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ЕГІННІҢ БАСТАРЫ», «ӘЖЕ ӨСИЕТІ»

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5ТҰЖ 3 Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.
Сабақ мақсаттары (Бағалау критерийі)	Барлық оқушылар орындай алады: Аудиожазба арқылы негізгі ойды түсінеді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Кейіпкердің портретін, іс-әрекетін анықтап образын ашады. Кейбір оқушылар орындай алады: Кейіпкерлерді талдап, ерекшеліктерін сипаттап, өз өмірімен байланыстырып, эссе жазады.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашады. Тыңдаған аудиожазбадан ой түйеді.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>сайран етіп, бейне тағзым етіп, тәкаппар, көпке балау, сорайған қарасына, кекірейіп</i>
	Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:

	Талқылауға арналған сұрақтар: Өсиет дегеніміз не? Мысалда қандай теріс мінез, қасиет сынға алынған?
Құндылықтарға баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған.
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану, музыка.

Сабақ барысы			
Уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Қалыптас-тырушы бағалау	Ресурстар
Сабақ басы			
2 мин.	1-әрекет. Ұжымдық жұмыс: «Мен бағалайтын қасиет» әдісі бойынша оқушылар өз әкесінің жақсы қасиеттерін атайды. Топқа бөлінеді.		

4 мин.	<p>2-әрекет. Ұжымдық жұмыс: Бағалау өлшемі: Тыңдалған аудиожазба арқылы негізгі ойды түсінеді, кітаппен сәйкестендіреді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар аудиожазбаны мұқият тыңдайды. - Тыңдалған аудиожазбадағы ойды нақты түсінеді. - Оқушылар тақырыпты анықтайды. <p>Сабақтың тақырыбы ашылады, мақсаты таныстырылады.</p>	<p>3-әрекет. «Рақмет» әдісі бойынша ең ұтымды ой айтқан досына рақмет айтады.</p>	Жұл-дыз-ша, қа-рын-даш
Сабақ ортасы			
5 мин.	<p>4-әрекет. Бағалау өлшемі: Өсиет ұғымы туралы сұрақтар талқыланады.</p> <p>Ұжымдық жұмыс. «Жүзіп шығу» әдісі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өсиет дегеніміз не? 2. Әке өсиеті бізге мұра бола ала ма? 3. Өсиет бізге неге қалдырылады? <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Өсиет</i> сөзінің мағынасын түсінеді. - Оқушылар әке өсиетінің мәңгілік мұра екенін біледі. 	<p>5-әрекет. Смайлик арқылы бағалау.</p>	Жұл-дыз-ша, қа-рын-даш

4 мин.	<p>6-әрекет. Бағалау өлшемі: Мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін жұбымен сипаттап жазады. Жұппен жұмыс. «... қатысты 10 сөзді атаңыз» әдісі бойынша «Егіннің бастары» мысалындағы кейіпкерлерге қатысты 10 сөз жазады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттап жазады. - Оқушы өз сипаттауы бойынша өлең шумақтарымен сәйкестендіреді. 	7-әрекет. «Келісемін, келіспеймін» әдісі арқылы бағалау.	Жұлдызша, қарындаш
6 мин.	<p>8-әрекет. Бағалау өлшемі: Шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекетін анықтайды. Әрекет пен портрет негізінде кейіпкердің образына талдау жасайды.</p> <p>Топпен жұмыс. 1. Дәні жоқ бидайдың басы. 2. Дәнге толы бидайдың басы. 3. Бала. 4. Әке.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар өлеңнен кейіпкердің портретін және әрекетін көрсететін жолдарды анықтайды немесе өлең мазмұны негізінде өз болжамдарын ұсынады. -Анықталған портрет пен әрекеттер негізінде кейіпкер образ арқылы постер корғайды. 	9-әрекет. Топтардың бір-бірін бас бармақ арқылы бағалауы.	Жұлдызша, қарындаш, АЗ, маркер

3 мин.	<p>10-әрекет. Бағалау өлшемі: Сұрақтар қойылады, оқушылар өз көзқарастары бойынша жауап береді.</p> <p>Жеке жұмыс. «Ұтқыр ойдан – ұтымды жауап» әдісі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Неліктен баланың көзі жалғыз бидайға түсті? 2. «Сұқтанба құр сорайған қарасына» деген сөз қандай мағынаны білдіреді? 3. Мысалда қандай теріс мінез, қасиет сынға алынған? 4. Бидай сияқты адамдар өмірде кездесе ме? <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқушыларға 4 сұрақ қойылады. - Оқушылар өз көзқарасымен жауап береді. 	11-әрекет. Смайлик арқылы бағалау.	Жұл-дыз-ша, қа-рын-даш
6 мин.	12-әрекет. Сергіту сәті.		
10 мин.	<p>13-әрекет. Бағалау өлшемі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мысалдағы негізгі кейіпкерлерді дұрыс анықтайды. 2. Мысалда берілген қасиеттерді қазіргі өмірде кездесетін қасиеттермен салыстырады. 	14-әрекет. «Не нәрсе оңай болды, не нәрсе қиын болды» әдісі арқылы бағалау	Жұл-дыз-ша, қа-рын-даш
Сабақтың соңы			
6 мин.	<p>15-әрекет. Бағалау өлшемі: Тақырып бойынша негізгі түйінді сөзді таңдайды.</p> <p>Жеке жұмыс: «5-5-1» әдісі бойынша «Өсиет сөз» тақырыбында ой түйю.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бес сөйлем жазылады. - Сөйлемнен бес сөз таңдайды. - Бес сөздің ішінен бір негізгі сөзді таңдайды. - Бір сөз арқылы сабақты түйіндейді. 	16-әрекет. Кері бай-ла-ныс. «Бағ-дар-шам» әдісі	

Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА,
Сарықұдық негізгі жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Казталов ауданы,
Сарықұдық ауылы

КӨКСЕРЕК – ТАБИҒАТТЫҢ ТАҒЫ ПЕРЗЕНТІ

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі: сабақ ынтымақтастық педагогикасы бойынша құрылған.

Ынтымақтастық педагогикасының мақсаты: талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына өту. Екеуінің бірлік одақта қызмет етуі; бір-біріне басымдық көрсетпеуі.

Тұжырымдылық ерекшелігі: мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім, оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Ынтымақтастық педагогикасының төмендегідей түрлері алынды:

1. «Бірге оқимыз».
2. «Топтағы оқушылардың зерттеу жұмысы».

Сабақтың мақсаты: оқушыларды кейіпкер іс-әрекеті арқылы мінездеме жасауға, оқиғалар арқылы шығарманың негізгі мәселелерін таба білуге, автордың көзқарасына, кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы туындының көркемдігіне бойлай білуге үйрету.

- Оқушылардың ізденімпаздығын, шығармашылығы

мен ой-сезімін дамыту.

- Оқушылардың көркем әдебиетке, өнерге, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

- Оқушылардың ұлы жазушы, ғұлама ғалымның әңгімесін оқу талдау нәтижесінде біліктілігін арттыру, оқушылардың ізденімпаздығын, шығармашылығын дамыту, оқушыларды отансүйгіштікке, ізгілікке, табиғатты қорғауға, көркем әдебиетке деген ықыласын арттыру, оқуға ынталандыру.

Сабақ көрнекілігі: портрет, көркем әдебиет көрмесі, суреттер, қанатты сөздер, тақырыптық слайд-суреттер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Дайындықты тексеру, оқушыларды топтастырып отырғызу.

I. 1. Тарихшылар.

2. Әдебиетшілер

3. Рөлдік ойын (Көксерек пен серіктері – ауыл адамдары)

4. Биологтар.

5. Сарапшылар.

I. Тарихшылар:

«Көксерек» әңгімесінің жазылу тарихы.

Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің тақырыбын таңдап алуының себебін жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай деп еске алады:

«Бірде мен қабырға күнтізбесін (1929 жылдың) сатып алдым. Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Сонда белгілі суретшінің

салған суреті бар болатын – қысқы түн, қар жамылған
меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан
кішкентай деревняның оттары көрінеді. Ең алдыңғы
қатарда түнде жортқан қасқыр тұр.

II. Әдебиетшілер:

*Бөрі арықтағанын білдірмес, сыртқы жүнін
қомпайтар.*

Бөрі баласы асырағанмен ит болмас.

Бөрі баласы бөркіңе салсаң да ит болмас.

Бөрі көмеді, түлкі ашады.

Бөрі қартайса тышқанишыл.

Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан.

Бөрінің қартайса да, бір қойлық әлі бар.

*Қасқыр байлағанға көнбес, шошқа байлағанға
көнбес.*

*Қасқыр жүйрік жеміс жоқ, түлкі жүйрік дыбыс
жоқ.*

Қасқыр қасқырды жемес.

Қасқыр қасқырдың құйрығын баспас.

Қасқыр ауру қойды да жеп қояр.

Қасқыр қой терісін жамылса да танылар.

*Қасқыр жүнін алмастырса да, дәстүрін
алмастырмас.*

Жылқыға қасқыр жолдас болмас.

Қасқыр малыы болмас, ал теке бағбан болмас.

Қасқыр қойды бағады, ал қасқырды аңшы бағар.

Қасқыр қасқырша ұлиды.

Қасқыр иттен қорықпас, тек үргенін жақтырмас.

III. Көрініс: Ауыл адамдарының Көксерек туралы пікірі.

IV. Биологтар:

1-оқушы: -Қасқыр-ит тұқымдасқа жататын жыртқыш. Дене тұрқы 105-160 см. Салмағы 35-50 кг. Сирек болса 80 кг. Жазда қоңыр, қыста жүні қалың ақшыл сұр түсті болып келеді. Олар 15-16 жыл өмір сүреді.

2-оқушы: -Сұр қасқырлар көп, ал сары қасқырлар қызыл кітапқа енгізілген. Қасқырдың ұлығанын 16 шақырымнан естуге болады. Жазғытұрым қаншығы 62-65 күн көтеріп, 5-7 кейде 13 күшік табады. Күшіктер көзін 12-13 күннен кейін ашады. Қасқырдың табиғатқа келтіретін пайдасы зор.

3-оқушы: -Қоңыр қасқырлар тауларда, Португалияда және Испания жерінде өмір сүреді. Бұл иттердің ең үлкен түрі. Олар көлемі жағынан немістердің овчаркаларына ұқсайды. Олардың күшті денесі және мықты аяқтары жүгіруге арналған. Қасқырлар оңай 24 шақырым жүгіре алады және тез жүгіргенде жылдамдығы 45 шақ/сағ. жетеді.

4-оқушы: -Қасқырлар өздерінің бауырларын қарсы алғанда құйрықтарын бұлғақтатып, бірінің үстерін бірі жалайды. Олар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда үреді немесе ұлиды. Қасқырлардың үлкені «арлан» қасқырлар тәртібін сақтайды. Оны құйрығынан немесе құлағынан тануға болады. Өйткені ол оны өзінің бойынан жасырып ұстайды.

V. Сарапшылар:

- Құрметті оқушылар! Біз көріністі көргеннен кейін:

әр топ өз тұжырымдарын ұсынды.

Биологтардан білгеніміз: қасқырды қолға үйретуге келмейтіндігі. Бұл деректі ата-бабамыздың мақалдарынан да байқадық. Біз қасқырды қатал, суық, қатыгез, қанішер дейміз, ал қасқырдың табиғатқа келтіретін пайдасы да бар екен. Табиғаттың тазалығына қосатын үлесі де зор екен.

Көркем әдебиетте, басқа да өнер туындыларында қасқырдың бейнесі қатыгез, қанішер ретінде суреттеледі. Әдебиетшілер, биологтар, тарихшылар өздерінің ұсынған мәселелерін талқылап, шешімін тапты деп ойлаймыз. Табиғаттағы жан-жануарлардың көбісі азайып бара жатыр. Солардың бірі-қасқыр.

«Көксерек» шығармасында М.Әуезов адамдарды табиғатты қорғауға, мейірімділікке шақырады.

- Қорытындылап өтейік. Сараптаушы топ мынадай қорытындыға келді:

1. Табиғат-екінші үйіміз. Сондықтан да табиғатты аялай білейік, зиян келтірмейік!

2. Қасқыр – дала санитары.

3. Көркем әдебиет пен басқа да өнер салаларында қасқыр қатыгез, суық, қанішер кейіпінде бола бермек.

4. Қасқырдан сақтанғанша, қасқыр кейіпіндегі адамнан сақтанайық!

VI. Бағалау.

VII. Қорытынды.

С.АҚДАУЛЕТОВА,
Эстетикалық бағыттағы
Жаңа ауыл жалпы
білім беретін орта
мектебі.
Қостанай қаласы,
Амангелді ауданы,
Үрпек селосы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ.
“АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА”
(8-сынып)

Сабақтың мақсаты:

1. Сезіммен өлең өрген жыр пырағы Мұқағали поэзиясына талдау жасау, ақын өлеңінің идеясын, мақсатын ұғындыру, поэманың тақырыбы мен идеясы, композициясы туралы теориялық білім беру.

2. Поэманың негізгі кейіпкері-ана бейнесі арқылы көл еркесі аққуға жасалған қиянаттың қайғылы оқиғаға ұрындыру себебін таныту, қоршаған орта заңдылықтарына қарсы келмеу қажеттігін нақты дәлелдермен түсіндіру.

3. Аққудың басқа құстардан өзіндік ерекшелігін, қасиетін, киелі құс екендігін суреттеудегі ақынның шынайы сезімін таныту.

Оқушылардың пікірталасын ұйымдастыра отырып өз ойын дұрыс тұжырымдап, дәлелмен жеткізе білуге, еркін сөйлеуге дағдыландыру, талдаулар жасай білу,

сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.

Ақын тілімен салынған табиғат суреті арқылы эстетикалық талғамға, көркем шығарма арқылы табиғаттың сырлы көріністерін тамашалап, сұлулығын сезіне қамқорлықпен аялай білуге тәрбиелей отырып, экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Сабақтың түрі: интеграцияланған (дамыта оқыту) сабағы.

(Әдебиет сабағын театр, әуез, көркемсурет, сөз өнерімен интеграциялау)

Пәнаралық байланыс: экология, бейнелеу өнері, география, т.б.

Сабақтың әдіс-тәсілдері:

1. Ойшақыру, Блум таксономиясы.
2. Композициялық жоспар (сызба кесте)-талдау.
3. Шығармашылық ізденіс бағытында: «Ақылдың алты қалпағы», «Дебат».

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру.

Ойшақыру. “Менің Мұқағалиым”.

II. Кіріспе: Мұқағали әлеміне саяхат:

Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,

Еңбегінің қызығын да көре алмай,

От боп жанып өтіп кеткен ақынға,

Мәңгілік қып өмір берген өлеңді-ай,-

деп Айтақын ағамыз жырлағандай, өлеңімен рухани азық, күш жинап, қажетіне қарай халқына бақыт сыйлаған ақиық ақынымыз ешкімнен кезінде енші

сұраған емес-ті.

Әр ақынның өлең-өнер болмысында бір қасиет өзгелерінен басымырақ болады. Мысалы: Абайда-ой, Мағжанда-махаббат, Қасымда-от, Мұқағалида тазалық (қасиет деген ұғым) басымырақ.

Табиғат ананың бір бөлшегі болған ақын:

Табиғат, жанымды алсаң, алшы менің,

Бір түйір жерге түскен тамшы едім.

Мұқағали жоғалса қайтер дейсің

Артымда қалсын жерім, қалсын елім, -

деген Мұқағали барлық өлеңіне бойындағы сезімнің ағынымен барып таусыла жазды. Барлық шығармасын соңғы өлеңіндей жазды. Өйткені, “Мұқағали-бір ғасырда бір рет қана дүниеге келетін қазақ поэзиясының алтын домбырасы дерліктей ірі талант иесі”.

Оқушыларды 4 топқа бөлу.

Әр орындалған тапсырманы смайликтер арқылы бағалап отыру.

Білу:

Математика саласы:

Теңдеуді шеш:

$$1931 + X = 1976$$

$$45 + X = 1976$$

45 жасаған жасы

1931 туған жылы

Тарих саласы:

Сыршыл ақынның туған жері?

Балалық шағы қандай ұлы оқиғамен қиылысты?

Қандай қиыншылықтар көрді?

Әкесінің қазасы

Атқарған қызметі

Биология саласы:

Аққудың қағаздан қиылған суреті беріледі.

Оқушылар оны құрап, «Аққу және Мұқағали» байланысын баяндайды.

Сұлу, Таза

Әдебиет саласы:

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасын талдау.

Тақырыбы: Табиғат және адамның қоршаған ортамен үндестігі.

Жанр түрі: поэма.

Поэма- көлемді шығарма. Бұл сюжетті поэма.

Идеясы: Табиғатты қорғау.

Әдеби-теориялық ұғым:

Теңеу – *жаңбырдың тамшысындай.*

Эпитет – *қатыгез, сұрқай ой, ақша бұлт, сұм жүрек.*

Метафора – *ақ төсек, аппақ айдын, аққу бала, өмір-дария.*

Кейіптеу - Мөлдіреген «Жетімкөл» көкке қарап, мөлтілдеген көз жасын тия алмай тұр.

Қолдану:

2. Поэманың композициялық элементтері.

1-топ: Оқиға қалай басталады? Жетім көлдің табиғаты. Оқиғаның байланысы қандай? Тәуіп шалдың айтқаны.

2-топ: Оқиғаның дамуын қалай түсінесіңдер? Баланың науқас күйі, қайғырған ата-ана, шарасыздық.

3-топ: Оқиғаның шиеленісуі не? Тәуіп шалдың

сәуегейлігі, ананың бір шешімге келуі.

4-топ: Оқиғаның шарықтау шегі? Киелі аққуға оқ ату, аққуынан айырылған көл.

Оқиғаның шешімі? Баланың өлімі. Өкінген ана.

Талдау: Міндеті: «Жеңіске жеткің келе ме, ізден, ойыңды дәлелдей білуге үйрен, біліміңді ұшта».

Сары: Жақтаушы топ:

Тақырыбы: “Аққулар ұйықтағанда”-экология тақырыбындағы поэма.

Кілт сөздер: “Аққуды атуға болмайды”.

Дәлелдеме: 1. Көлдің сәні-аққулар.

2. Аққу киесі оңдырмайды.

Мысалы: Қасиетке оқ ату қасірет болды. Аққудың киесі ұрады деген рас. Поэмада аққуды атқандықтан баласынан айырылды. Аққу бір шосыса ол жерге екінші рет келмейді. Көлдің «Жетімкөл» деп аталуы тегін емес. Ол жердің, табиғаттың сұлулығы бірден-бір себепшісі-аққу болды.

Қара: Даттаушы топ.

Тақырыбы: “Аққулар ұйықтағанда” поэмасының тақыры экология емес.

Кілт сөздер: “Ана махаббатымен құдіретті”.

Дәлелдеме: 1. Бәрі де адам үшін жаратылған.

2. Наным-сенімнен де ана махаббаты құдіретті.

Адам – табиғат перзенті. Дүниеде екі ана бар.

Бірі-тіршіліктің анасы, табиғат анасы, екіншісі-адам анасы. Екеуі де мейірімді. Осы екі анаға да қаталдық көрсетуге, жанын жаралауға болмайды.

- Ал біз, адамдар, солай етіп жүрміз бе? Жоқ, керісінше, біз қаталдық пен жауыздықты бірінші соларға көрсетіп жүрген жоқпыз ба?

- Қасиетке оқ атқызған (анаға) қандай күш?

Баласы үшін өлімге де баратын ана қасиетке (аққуға) оқ атты. Ол ана үшін өліммен бірдей еді. Ана баласы қандай қателік жасаса да кешіреді. Ана болу – бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып-қағуда ана өзін ұмытып, барлық күш-жігерін перзентіне жұмсайды, ол арқылы оның жаны нұрланып, нәрлене түседі.

Жасыл: Өмірден деректер келтіру.

Қызыл: Болжау. Поэманы аяқтау. «Егер мен автор болсам ...»

Қолдану: 1. Шығармашылық жұмыс.

Поэмадан өзіңе ұнаған шумақты образға кіре отырып оқы.

Суретпен өрнек саламын - ақынның сөзбен салған сұлулығын бояумен бейнелеу.

Жинақтау:

Төрт топ «Ана», «Аққу» туралы салған суреттеріне байланысты мақал-мәтелмен қорытындылап түйіндейді.

VII. Үйге тапсырма:

1. “Жетім көл аққулары» тақырыбына эссе жазу.
2. «Ақын және аққу» тақырыбына өлең жазу.
3. «Аққуға атылған оқ» тақырыбына әңгіме диалог құру.

Рефлексия: «Екі жұлдыз бір тілек».

С.БЕГАЛИНА,
Еңбекту орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы,
Еңбекту ауылы

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ.
«МЕН ҚАЗАҚПЫН» ПОЭМАСЫ
(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік-Ж.Молдағалиев өмірі, шығармашылығымен танысу. Ақиық ақынның «Мен қазақпын» поэмасына талдау жасау. Ж.Молдағалиевтың қалам өнеріндегі асқан дарынын, шеберлігін таныту, ақынның шығармашылығына сүйіспеншіліктерін арттыру, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін дамыту; дамытушылық-шығарманы жан-жақты талдау арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын байыту, ізденіс-шығармашылық дағдыларын дамыту, тіл мәдениетін жетілдіру; тәрбиелік-оқушыларды елін, жерін сүюге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімге баулу, халқын қастерлеуге, патриоттыққа тәрбиелеу.

Сабақ міндеттері:

- 1) поэманың тақырыбы мен идеясын ашу, мазмұнын толық меңгеру.
- 2) оқушыларды поэманы әдебиет теориясы тұрғысынан талдауға үйрету.

3) өз бетінше ізденуге баулу.

Сабақ типі: талдау сабағы.

Сабақтың әдісі: баяндау, талдау, жинақтау, зерттеу.

Көрнекіліктер: Ж.Молдағалиев туралы деректі фильм, слайд-презентация, «Жаужүрек мың бала» бейнетаспасы, Ерболат Құдайбергеновтың «Мен қазақпын» әнінің клипі.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, музыка, тарих.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды түгелдеу, зейінін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасы: «Сыр сандықтағы сан сұрақ».

1. Мұқан Иманжановтың дүниеге келген жері. (Қарағанды облысы, Жезді ауданы)

2. 1949-1958 жылдары қазақ балаларының сүйікті басылымына айналған қай журналдың бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды.

3. Мұқан Иманжановтың қандай жинақтарын білесіңдер? («Жастық», «Тыңдағылар», «Таныс қыз»)

4. Мұқан Иманжановтың аяқталмаған романын атаңдар. («Көк белес», 1960 жыл)

5. Жұртшылық жылы қабылдаған 1950 жылы жазылған «Алғашқы айлар» повесі үшін М.Иманжанов қандай жүлдеге ие болды? (Жамбыл атындағы бірінші Республикалық жүлдеге ие болды.)

6. Повесте қай кезеңдегі өмір шындығы суреттеледі?

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Семантикалық картамен жұмыс.

Мұқан Иманжанов. «Алғашқы айлар» повесі.

	Басталуы	Дамуы	Байланысуы	Шие-лені-суі	Шарықтау шегі	Шешімі
Тарихи аласапыраннан құтылған ел келбеті						
Бейтаныс ауылға келген жаңалыққа жаны құштар жас маман						
Кері тартушылардың кедергілері						
Жаңа әлеуметтік ортадағы жағдай						
Жаңа ізденіске бет бұру						
Мақсатқа жеткен Жақыпбек						

III. Жаңа сабақ. Ерболат Құдайбергеновтың «Мен қазақпын» бейнебаяны көрсетіледі. Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» поэмасы.

Сабақ эпиграфы:

*«Жазбаймын уақыт өтсін, ойлансын деп,
Жазамын, Абайша айтсам, ойлансын деп,
Ойлансын өзі жайлы – заман жайлы,
Көргенді қиялымен байласын тек».*

Ж.Молдағалиев.

Мұғалімнің кіріспе сөзі. Ж.Молдағалиевтың ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасы-“Мен-қазақпын” поэмасы (1964). Бұл поэма-өткен ғасырдың 60-жылдары тың көтерілген облыстардағы қазақша жер аттары орысшаға ауысып, 700-ден астам қазақ мектептері жабылып, оңтүстіктегі екі аудан Өзбекстанға беріліп, Қазақстанның біртұтастығы мен ана тіліне, яғни ұлт болашағына қауіп төнген кезде ұлттық рухты көтеру мақсатында тоталитарлық жүйенің саясатына қарсы жазылған туынды. Бұл поэманың атының өзінде осы ұлттың перзенті болғанына мақтаныш, ұлтына деген шексіз сүйіспеншілік жатыр.

*«Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген»*

деген бейнелі өлең жолдары бүгін әркімнің-ақ аузында. Әсіресе, еліміз егемендік алып, қазақтығымызды, оның азаттық жолындағы «мың өліп, мың тірілген» күндерін еске алғанда, Жұбан аға жыры тым бүгінгіше естіледі. Поэма, әрине, бірден тұмаған. Ақынның қазақтық, азаматтық,

патриоттық намысын оятқан Ұлы Отан соғысы жылдары «Қазақ» деген өлең жазып, халқының батырлық дәстүрін, намысқойлығын жырлаған туындыдан бастау алады.

Қазақ деген қандай халық?

Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға айтқан сөзі:

*-Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ, ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қаипасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз!
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз!
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәмі, тұзын ақтай білген елміз,
Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз!
Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,
Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды,
Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз!
«Тұңғиықтан маржан терейік».*

Ж.Молдағалиев өмірі, шығармашылығы.

1-оқушы: Ж.Молдағалиев өмірі. Хронологиялық картамен таныстыру.

1920 жылы 5 қыркүйекте Орал облысы, Тайпақ ауданындағы Жыланды деген жерде дүниеге келген.

1940 жылы Оралдағы Ауыл шаруашылық техникумын бітіреді.

1940-1947 жылдар аралығында екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, әскер қатарында болады.

1948-1952 жылдар аралығында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің орынбасары болады.

1949 жылы «Жеңіс жырлары» атты алғашқы жыр жинағы шығады.

1950-1951 жылдар аралығында «Нұрлы жол» дастаны жазылып, жеке кітап болып шығады.

1984-1985 жылдар аралығында «Қазақстанның халық жазушысы» атағы берілді.

1986 жылы айтулы Желтоқсан оқиғасына қатысады.

1989 жылы ақын қайтыс болады.

2010 жылы ақынның 90 жылдық мерейтойы республика көлемінде ұйымдастырылды.

“Мен-қазақпын” поэмасы. «Мен қазақпын» өлеңінен үзіндіні оқушылар жатқа мәнерлеп оқиды.

«Теория тереңінен».

Композициялық талдау жасау.

Басталуы: Бесіктегі пәк, сәби ұлт

Дамуы: «Ақтабан шұбырынды»

Байланысуы: Ресей адамы. Дала мұңы.

Шиленісуі: өмірдің жарық төрі үшін күрес.

Шарықтау шегі: Бес жылдықтар белесі.

Шешімі: Байтақ ел азаматы.

Өлең құрылымына талдау.

1-оқушы:

1-бөлім-18 шумақ, 72 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

2-бөлім-19 шумақ, 76 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

3-бөлім-18 шумақ, 72 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

2-оқушы:

4-бөлім-30 шумақ, 120 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең, шұбыртпалы ұйқас.

5-бөлім-38 шумақ, 152 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

6-бөлім-20 шумақ, 80 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

3-оқушы:

7-бөлім-45 шумақ, 180 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

8-бөлім-44 шумақ, 176 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

9-бөлім-20 шумақ, 80 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы.

10-бөлім-29 шумақ, 116 тармақ, 3 бунақ, 11 буын
қара өлең ұйқасы. Талдау жүргізіледі.

Поэманың тілдік көркемдік ерекшелігі, троп
түрлеріне талдау. (Оқулықпен жұмыс. Дәптерде
орындалады)

Теңеу: *Руым көп солардың аттарындай,*

Мінезім бар таулардың қатпарындай.

Ән-жырым бар бабалар хаттарындай,

*Әжімім бар бейнеттің таптарындай.
Аппағынан жарылған дастарқандай
Хауанадай көңілшек тұздеп тудым
Оқи алсаң кітаптай, сүртіп қанын
Ол үн мөлдір өзеннің сылдырындай,
Шат күлкінің саф күміс сыңғырындай.
Самал өпкен егіннің сыбдырындай,
Шабыттанған ақынның тың жырындай.
Ол миллион жүректің дүрсіліндей,
Тасқын атқан таулардың гүрсіліндей.
Ол үн жаңа ерліктің дабылындай,...*

Эпитет: *ажалсыз анамын, қара көз сұлумын,
сайтан қызбын, Қыран бүркіт, қаныпезер Жошы
хан, бал бұлағын.*

Метафора: *Татьяна – қазақтың ақ Баяны.
Мен-бұл кезде Шоқанмын,
Абайлармын Даяшымын, байекпін, ең кішімін,
Демесе кім «мен тақсыр, мен күштімін».*

Риторикалық сұраулар:

*«О, ақ патшам, саған еш ем қонбады,
Жатқа неге жеріміз жем болғаны?
Жер-дүниенің эфирден даусын берген,
Қалай гана Поповтар таусылды елден?
Ақыл-ойдың дәуі зой дәусінбеген.
Сорлы боп па соларды туған халық?»*

Сабақты бекіту.

«Білемін, білдім, білгім келеді» әдісі.

Бағалау.

Үйге тапсырма: «Болашақтағы қазақ елі»

Ә.ИКРАМҰЛЫ,
№4 мамандандырылған
мектеп-интернаты.
Сарыағаш ауданы

ҚАЗАҚТЫҢ БИ-ШЕШЕНДЕРІ

(9-сынып)

Оқу мақсаттары	Оқушыларға қазақ ұлттық шешендік өнері және оның жанрлық, мазмұндық ерекшеліктерін, би-шешендердің рухани мұрасын жан-жақты таныту; сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту; функционалдық сауаттылығын арттыру.
Күтілетін нәтиже	Барлық оқушылар: қазақ шешендік өнерінің жанрлық, мазмұндық ерекшеліктері, би-шешендер өнернамасы туралы біледі. Көпшілік оқушылар: шешендік өнердің маңызы, қазақ би-шешендерінің өнернамасы, шешендік сөздердің құрылымы мен көркемдік бітіміне өздігінен мысалдар келтіре алады. Жекелеген оқушылар: қазақ ұлттық шешендік өнері, би-шешендердің рухани мұрасы және оның бүгінгі таңдағы маңызы жайында өмірмен байланыстырып, шығармашылық тапсырмаларды еркін орындайды.
Білім беру құндылықтары	«Мәңгілік ел» жалпықоғамдық құндылығы: Мәдениет, тіл мен тарих бірлігі. ▪ Жалпы құндылықтар (тәрбиелік элементтер): ▪ Өзара құрмет және ынтымақтастық. ▪ Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік. ▪ Өмір бойы білім алу

	Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке, жұптаса, топтаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.
Пәнаралық байланыс	мәдениеттану, тарих, әдебиет, саз өнері.
Жетістік өлшемдері (табыс өлшемдері)	Жеке шығармашылық тапсырмалардың табыс өлшемдері: 1) шешендік сөздер тақырыбын жақсы меңгерген; 2) шешендік сөз үлгілерін интерпретациялайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Топтық тапсырмалардың табыс өлшемдері: 1) оқушы шешендік сөздің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады; 2) шешендік сөз үлгілерін жатқа мәнерлеп айтады; 3) тақырып бойынша әр түрлі деңгейдегі жеке және топтық тапсырмаларды орындай алады.
Тілдік мақсаттар	Сұрақтарға жауап беру барысында менің ойымша, менің пайымдауымша, өз сөзімді қорытындыласам, т.б. пайдалы тіркестерді қолданады.
Алдыңғы білім	Шешендік сөздің жанрлық ерекшеліктері.
Модульдер	АКТ (ақпараттық коммуникативтік технология) – сабақ барысында қолданылатын презентация, бейнебаян, тірек сызбалар, т.б.; СТО (сын тұрғысынан ойлау) – іздендіру бағытындағы әркелкі тапсырмаларды орындау барысында; ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері) – тапсырмаларды ЖЕ сай іріктеу, ұсыну кезінде; ТжДОЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс) – А деңгейлі оқушылармен жеке жұмыс, шығармашылық тапсырмаларды орындауда; ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық) –

	топтық тапсырмалар кезінде; ОҮБЖОБ (оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау) – өзін-өзі бағалау, топтық бағалау, «Бес саусақ»; ДО (диалогтік оқыту) – сабақ барысындағы тапсырмаларды орындауда жүзеге асырылады.	
Бағалау	Өзін-өзі (ӨӨБ), жеке (Ж), топтық (ТБ)	
Әдіс-тәсілдер	Психологиялық тренинг, «Иә-жоқ» стратегиясы, интерактивті тапсырмалар, СТО, ЖИГСО, ассоциация, «мендік пікір», т.б.	
Тірек сөздер мен тіркестер	Риторика, шешендік сөз, би-шешендер, көркемдік тәсілдер, т.б.	
Жоспар		
Уақытты жоспарлау	Сабақтың жүрісі	Ресурстар
Сабақтың басы (2 минут)	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Тренинг: оқушылар мұғалімнің белгі беруіне қарай «бір» дегенде оң қолын, «екі» дегенде сол қолын жоғары көтереді, «үш» дегенде екі қолын бір-біріне соғады. Бұл жаттығу үш рет қайталанады. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылады.</p> <p>Оқушы үні: «Бүгінгі сабақтан не күтемін?»</p> <p>Бағалау парақтарын тарату.</p> <p>Мұғалім түсіндірмесі.</p> <p>1-қадам. Өткен сабаққа оралу.</p> <p>Иә” немесе “жоқ” стратегиясы</p> <p>1. Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиеті саласына жата ма?</p> <p>2. Шешендік сөздердің елге белгілі адамдарға қатысы бар ма?</p>	<p>9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы</p> <p>Хрестоматия</p>

<p>С (2 минут)</p>	<p>3. Шешендер мен билердің сөздері жазылып сақталған ба?</p> <p>4. Шешендік сөздер қандай мақсатта туған?</p> <p>5. Шешендік сөзде халықтың тіл байлығы байқала ма?</p> <p>6. Айтушылары ұмыт болған шешендік сөздер кездесе ме?</p> <p>7. Шешендік сөздерді аталы сөз деуге бола ма?</p> <p>2-қадам. Бейнекөрініс бойынша сұрақтар (оқушыларға 8-сынып кезінде тосыннан түсірілген бейнекөрініс ұсынылады.)</p> <p>1. Бейнесюжет түсірілген уақытты анықтаңдар.</p> <p>2. Сендерге қай кейіпкер көбірек ұнады? Неліктен?</p> <p>3. Баланың жауабынан шешенге тән қандай қасиеттерді байқадыңдар?</p> <p>4. Шешенге тән ең басты бес қасиетті санамалап көрсетіңдер.</p> <p>3-қадам. Жаңа тақырыпқа жол. Оқушыларға аудиоматериал ұсынылады. (А.Янушкевичтің «Қазақ даласындағы күнделігі мен хаттары» атты еңбегінде қазақтар туралы пікірін экраннан келтіріліп, дыбысталады.)</p> <p>«...Осының бәрін мен дүние жүзі тағы және жабайы санайтын, далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңқалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін</p>	<p>Қима қағаздар</p> <p>Презентация</p>
------------------------	---	---

<p>Ортасы (3 минут) Ж</p>	<p>ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жанымға жайлы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады» 1) кімнің пікірі? 2) пікірдің бүгінгі сабағымызға қаншалықты қатысы бар? 4-қадам. Дифференциация.</p>	<p>«Бес дәлел» қолжазба жинағы Тірек сызба Бейнесюжет</p>
<p>С (3 минут)</p>	<p>Кейбір оқушыларды бөліп алып, «Конверттегі тапсырмаларды» таңдау ұсынылады. Жеке шығармашылық тапсырмалардың табыс өлшемдері: 1) шешендік сөздер тақырыбын жақсы меңгерген; 2) шешендік сөз үлгілерін интерпретациялайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. 1-конверттегі тапсырма: Жер дауы, жесір дауы секілді ел ішінде жиі-жиі орын алып отырған дауларға қатысты төбе би ретінде төрелік айту.</p>	<p>«Шешендік сөздер» «Ел аузынан», «Бабалар сөзі», т.б.</p>

Ж (5 минут)	Сізге сеніп тапсырылды делік. Сондай бір дауға төрелік айтқан шешендік сөз үлгісін 5 сөйлеммен жазыңыз. 2-конверттегі тапсырма: Қазақ-жоңғар соғысының өршіп тұрған кезі. Алты қырдың астындағы қазақ ауылына жау әскері тарпа бас салғаны туралы суыт хабар жетті. Сіз қол бастаған батыр, сөз бастаған шешенсіз делік. Бойын үрей билеген жұртшылықты жауға қарсы шайқасқа жігерлендіретін шешендік сөз үлгісін 5 сөйлеммен жазыңыз.	Плакаттар Желім
Таймер Т (20 минут)	3-конверттегі тапсырма: Қазақ тарихындағы атақты шешендер мәмілегер ретінде де екі елдің арасын бітістіру мақсатында елшілікке жүрген. «Жауластырмақ – жаушыдан, елдестірмақ – елшіден» деген қанатты ұғым содан қалған. Өзіңізді мәмілегерлікке жүрген шешен ретінде елестете отырып, осы тақырыпқа 5 сөйлеммен шешендік сөз үлгісін жазыңыз. Дарынды және талантты оқушыларға тапсырманы орындау үшін 5 минут уақыт беріледі. Олар аяқтағаннан кейін тапсырмасы мен эмпатиялық жазбасын көпшілікке оқып таныстырады. Қалған оқушылар бағалайды. Қалған оқушылар пазлдарды құрастыру арқылы 3 топқа бөлінеді. Топтық тапсырмалардың табыс өлшемдері:	Стикерлер

	<p>1) оқушы шешендік сөздің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады;</p> <p>2) шешендік сөз үлгілерін жатқа мәнерлеп айтады;</p> <p>3) тақырып бойынша әр түрлі деңгейдегі жеке және топтық тапсырмаларды орындай алады.</p> <p>ЖИГСО. Әр топқа тапсырманы өзара бөлісу, ақылдасу, орындау үшін 3 минут, пікірін жеткізу үшін 5 минут беріледі.</p> <p>«Қамшы» суреті құрастырылған топқа:</p> <p>Андатпа: Тапсырманы бөлісіп орындаңыздар. Әр оқушы бір тапсырманы орындағаны жөн. Уақытты тиімді пайдаланыңыздар.</p> <p>1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз. 2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын. 3. Шешендік сөздерге тән көркемдік тәсілдерге 3 мысал келтіріңіздер. 4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер. Бір оқушының пікірі: Мені сүйсіндіргені... деп басталсын. Келесі оқушының пікірі: Мені өкіндіргені... деп басталсын.</p> <p>«Шаңырақ» суреті құрастырылған топқа:</p> <p>1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз.</p>	
--	--	--

	<p>2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын.</p> <p>3. Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктеріне 3 мысал келтіріңіздер.</p> <p>4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер.</p> <p>Бір оқушының пікірі: Мені қинағаны... деп басталсын. Келесі оқушының пікірі: Мені жігерлендіргені... деп басталсын.</p> <p>«Фемида» суреті құрастырылған топқа:</p> <p>1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз.</p> <p>2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын.</p> <p>3. Қазақтың 10 би-шешенінің есімін атап шығыңыз.</p> <p>4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер. Бір оқушының пікірі: Менің тілегім... деп басталсын. Келесі оқушының пікірі: Мені қызықтырғаны... деп басталсын.</p> <p>Жеке оқушыларды үш топтың мүшелері, ал топ мүшелерін бастапқы жеке тапсырма орындаған оқушылар бағалайды. Барлық бағалар әр оқушының бағалау парағына қойылады.</p> <p>Түйінді сөз</p>	<p>Такта, бор</p> <p>А-4 өлшемді қағаздар</p>
--	--	---

<p>Сабақтың соңы (5 минут) Мұғалімнің жеке бағалауы Рефлексия</p>	<p>Кері байланыс. «Бес саусақ» әдісі. Балалар параққа алақандарын қойып, оны қаламмен айналдырып сызады. Осыдан соң олар сабақ туралы мынадай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Бас бармақ» – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. «Балаң үйрек» – бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім? 3. «Ортан терек» – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? 4. «Шылдыр шүмек» – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? 5. «Кішкентай бөбек» – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім? <p>Үйге тапсырма: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің шешендігі бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізу.</p>	
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Дифференциация. Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? Әр тапсырма соңында оқушылар кейде мұғалім тарапынан «жарайсың, өте керемет» сөздері</p>	<p>Пән-аралық байланыс</p>

<p>қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? Сабақ соңында жеке тапсырманы орындау барысында оқушыларға мәтін талдау негізінде сараланған тапсырмалар ұсынылады. Ал колдауды қажет ететін оқушылар үшін әр тапсырма барысында жетелеуші сұрақтар беріп, бірде нәтижеге тезірек әрі сапалы түрде қол жеткізу мақсатында дарынды оқушылармен топтастырамын. Қабілеті жоғары оқушылар топтық жұмыс барысындағы әңгіме-зерттеу барысында көшбасшылық қасиеттерін көрсете алады.</p>	<p>арқылы бағаланса, бірде «жұлдызшалар» арқылы бағаланады. Сондай-ақ оқушылар бір-бірін «бас бармақ» әдісі арқылы бағаласа, бірде оқушы өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>Мәдениеттану, тарих, әдебиет, саз өнері АКТ-мен байланыс: Бейнебаян, тұсаукесер. Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) Сабақтың өн бойы «күрмет», «азаматтық жауапкершілік» құндылықтарына негізделген. Сабақтың соңында бүгінгі сабақтың тақырыбымен сәйкестендіріле осы құндылықтар бойынша қорытынды ой айтылады.</p>
<p>Рефлексия Сәтті шыққан тұстары: Сәтсіз тұстары:</p>		

Топтық тапсырмалар.

ЖИГСО. Әр топқа тапсырманы өзара бөлісу, ақылдасу, орындау үшін 3 минут, пікірін жеткізу үшін 5 минут беріледі.

«Қамшы» суреті құрастырылған топтың тапсырмалары:

Аңдатпа: Тапсырманы бөлісіп орындаңыздар. Әр оқушы бір тапсырманы орындағаны жөн. Уақытты тиімді пайдаланыңыздар.

1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз.

2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірің қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын.

3. Шешендік сөздерге тән көркемдік тәсілдерге 3 мысал келтіріңіздер.

4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер.

Бір оқушының пікірі: Мені сүйсіндіргені... деп басталсын.

Келесі оқушының пікірі: Мені өкіндіргені... деп басталсын.

Топтық тапсырмалар.

ЖИГСО. Әр топқа тапсырманы өзара бөлісу, ақылдасу, орындау үшін 3 минут, пікірін жеткізу үшін 5 минут беріледі.

«Шаңырақ» суреті құрастырылған топтың тапсырмалары:

Аңдатпа: Тапсырманы бөлісіп орындаңыздар. Әр оқушы бір тапсырманы орындағаны жөн. Уақытты тиімді пайдаланыңыздар.

1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз.

2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын.

3. Шешендік сөздердің жанрлық ерекшеліктеріне 3 мысал келтіріңіздер.

4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер.

Бір оқушының пікірі: *Мені қинағаны...* деп басталсын.

Келесі оқушының пікірі: *Мені жігерлендіргені...* деп басталсын.

Топтық тапсырмалар.

ЖИГСО. Әр топқа тапсырманы өзара бөлісу, ақылдасу, орындау үшін 3 минут, пікірін жеткізу үшін 5 минут беріледі.

«Фемида» суреті құрастырылған топтың тапсырмалары:

Андатпа: Тапсырманы бөлісіп орындаңыздар. Әр оқушы бір тапсырманы орындағаны жөн. Уақытты тиімді пайдаланыңыздар.

1. Ассоциация. Өздеріңіз құрастырған пазлдағы суретті қазақ ұлттық шешендік өнерімен байланыстырып, 3-4 сөйлеммен ауызша баяндаңыз.

2. Үш оқушы шешендік сөз үлгілерін бір-бірін қайталамастан, жатқа мәнерлеп айтсын.

3. Қазақтың 10 би-шешенінің есімін атап шығыңыз.

4. «Мендік пікір» стратегиясы. Сізге әсер еткен шешендік сөздерге байланысты қысқаша пікір білдіріңіздер.

Бір оқушының пікірі: *Менің тілегім...* деп басталсын.

Келесі оқушының пікірі: *Мені қызықтырғаны...* деп басталсын.

«Конверттегі тапсырмалар».

Жеке шығармашылық тапсырмалардың табыс өлшемдері:

- 1) шешендік сөздер тақырыбын жақсы меңгерген;
- 2) шешендік сөз үлгілерін интерпретациялайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.

1-конверттегі тапсырма: Жер дауы, жесір дауы секілді ел ішінде жиі-жиі орын алып отырған дауларға қатысты төбе би ретінде төрелік айту Сізге сеніп тапсырылды делік. Сондай бір дауға төрелік айтқан шешендік сөз үлгісін 5 сөйлеммен жазыңыз.

«Конверттегі тапсырмалар».

Жеке шығармашылық тапсырмалардың табыс өлшемдері:

- 1) шешендік сөздер тақырыбын жақсы меңгерген;
- 2) шешендік сөз үлгілерін интерпретациялайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.

2-конверттегі тапсырма:

Қазақ-жоңғар соғысының өршіп тұрған кезі. Алты қырдың астындағы қазақ ауылына жау әскері тарпа бас салғаны туралы суыт хабар жетті. Сіз қол бастаған батыр, сөз бастаған шешенсіз делік. Бойын үрей билеген жұртшылықты жауға қарсы шайқасқа жігерлендіретін шешендік сөз үлгісін 5 сөйлеммен жазыңыз.

«Конверттегі тапсырмалар».

Жеке шығармашылық тапсырмалардың табыс өлшемдері:

- 1) шешендік сөздер тақырыбын жақсы меңгерген;
- 2) шешендік сөз үлгілерін интерпретациялайды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.

3-конверттегі тапсырма:

Қазақ тарихындағы атақты шешендер мәмілегер ретінде де екі елдің арасын бітістіру мақсатында елшілікке жүрген. «Жауластырмақ – жаушыдан, елдестіркем – елшіден» деген қанатты ұғым содан қалған. Өзіңізді мәмілегерлікке жүрген шешен ретінде елестете отырып, осы тақырыпқа 5 сөйлеммен шешендік сөз үлгісін жазыңыз.

Б.ТҰРАҚБАЕВА,
Атырау аграрлы-
техникалық колледжі.

**СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ. «БОРАНДА»,
«ҚОШ БОЛ, СӘУЛЕМ»,
«ТҮБІРЛЕР», «ЖАСТЫҒЫМ,
СЕНІ ЖОҒАЛТТЫМ», «АҚ ТҮН»
ӨЛЕҢДЕРІ**

Сабақ барысы	Уақыт	Оқытушы әрекеті	Білім алушының әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	4 мин.	Сәлемдесу; Жоқ студенттерді белгілеу; аудитория тазалығын тексеру; Топқа бөліп, жұмыс жасау ретімен таныстыру; Даналардан шыққан сөздерді есте сақтау;	Амандасады; Жоқ студенттерді айтады; Өздеріне ұнаған түстері бойынша топқа бөлінеді: Оқу құралдары мен жабдықтарын дайындайды;	Оқулықтар, дәріс мәтіні, таратпа бетше; Топтың ережесі;
Білім алушыны жаңа материалды	5 мин.	Қызығушылықтарын ояту.	Фильмді тамашалай отырып, «Соғыс» сөзіне	Жазушы портреті, кітап көрмесі,

қабылдауға даярлау		«Қазақстан Ұлы Жеңіске ұлы үлес» қысқа метражды фильмін тамашалауға ұсынамын.	кластер құрады: 1. Соғыс туралы білімдерін өзектендіреді; 2. Өз білімдерін ортаға салады; 3. Тақырып аралық мәселелерге өзара байланыс орнатады; 4. Ұсынылған мәселе бойынша толыққанды түйіндеме жасайды.	деректі фильм.
Жаңа материалды түсіндіру	35 мин.	Мағынаны тану. 1. Білу- есте сақтау, ақпаратты таныту, білу, еске түсіру. Сырбай Мәуленов «Боранда», «Қош бол, сәулем», «Түбірлер», «Жастығым сені жоғалттым», «Ақ түн» өлеңдері.	1. Фильм тамашалай отырып, тыңдайды, қысқаша конспект жазады, «С.Мәуленов» тақырыбына ассоциация құрады: -С.Мәуленовке байланысты өздері білетін, естіген, көрген ақпараттарды жазу-жеке, нәтижесін әуелі	1. Дәріс жа- зылған бетше; 2. «Өлмей- тұғын артына сөз қал- дырған».

Алған білімді бекіту	30 мин.	<p>1. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» С.Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына арналған фильм. -Өмірі мен шығармашылық жолы.</p> <p>-Кеңес дәуірі әдебиетіндегі С.Мәуленовтің орны.</p> <p>2. Түсіну-түсіндіру, идеяларды таныс жүйеге ауыстыру, өз сөзімен жеткізу.</p> <p>-Ақын өлеңдерін топтарға бөліп беремін.</p> <p>-С.Мәуленов-лирик ақын.</p> <p>-Ақын өлеңдеріндегі соғыс суреттері. Сырбай өлеңдеріндегі сыршыл сезім.</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>-Шығарманың сені ерекше толқытқан тұсы.</p>	<p>жұпта, сосын шағын топта талқылау;</p> <p>-Барлық топтардың «С.Мәуленов» тақырыбына жазғандары бойынша тұсаукесер жасау;</p> <p>Әр топ өзіне берілген өлеңді мәнерлеп оқиды, мағынасын ашады.</p> <p>1-топқа: «Боранда» өлеңі-майдан өмірінің ауыр шындығы, солдаттың өліммен бетпестік келіп жеңуі.</p> <p>2-топқа: «Қош бол, сәулем» өлеңі - сұрапыл соғыстан аман келеріне деген сенім.</p>	<p>С.Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына арналған фильм.</p> <p>3. Әдебиет теориясы: силлабикалық өлең;</p> <p>4. Пән-аралық байланыс: Қазақстан тарихы;</p>
----------------------	---------	---	--	--

		<p>-Шығарманың тақырыбы немесе көтерілген негізгі мәселе.</p> <p>3. Қолдану-тәжірибеде қолдану, ақпаратты нәтижеге жету үшін пайдалану. Ақын өлеңдеріне сатылай кешенді талдау.</p> <p>4. Талдау-құрастыру тәсілдерін көрсету мақсатында құрамдарға бөлу, қатысымдық құрылымды табу, себепті анықтау. «Рөлдік» оқыта үйрету әдісін ұсынамын. 1-топ-сары-оптимистер. 2-топ-қара-пессимистер.</p>	<p>3-топқа: «Түбірлер» өлеңі – түбірлер арқылы ақын соғыс апатын, оның адамзатқа әкелген алапатын еске салады, көзге елестетеді.</p> <p>4-топқа: «Жастығым, сені жоғалттым» өлеңі – сұрапыл соғыста қалған жастық шаққа сағыныш. Әр топ өздеріне берілген өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасайды.</p> <p>1-топ-сары-оптимистер: Сары түс - сәулелі өмірге талпыныс. Не себептен осындай өлеңдер туды?</p>	
--	--	---	--	--

		<p>3-топ-қызыл-реалистер 4-топ-жасыл-сыншылар Сергіту сәті: «Соғыстан қайтқан солдаттар» әні. Сөзі:Сырбай Мәуленовтікі Әні:Темірбек Әбілхатиндікі Орындаушы: Райымбек Жанәбілов.</p>	<p>Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Артықшылықтар қалай пайда болады? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы бола алады? 2-топ-қара-пессимистер: Қара түс - адам көзі қорқатын барлық жамандық. Қара-қараңғылық, қаһарлық, суық, қауіптілік. Қандай қателер бар? Кемшіліктер қандай?Ұлы Отан соғысы әдебиетте. 3-топ-қызыл-реалистер:Қызыл түс - көкіректегі ішкі кернеу. С.Мәуленов өлеңдерін оқығаннан кейінгі эмоциялар, сезім, менде қандай сезімдер туындайды? 4-топ-жасыл-сыншылар: Жасыл – жаңа идеялардың жандануы. Осы жағдайда біз не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма?</p>	<p>Әдеби шығарманы сатылай кешенді талдау технологиясымен толық талдау үлгісі.</p> <p>«Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінің мәтіні.</p>
--	--	--	---	---

Қоры- тынды шығару	10 мин.	<p>Ой толғаныс</p> <p>5. Жинақтау- түпнұсқасы бірдей нысандарды қайта құру, жаңа тұтас мазмұндар тудырып мүмкіндіктер туғызу және нәтижелер жасау. «5 минуттық эссе» әдісі.«Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген» тақырыбына ойтолғау жазу.</p> <p>6. Бағалау- шешімге келу, қарама қайшылықты және қарсы пікірлерді жою. «Негізгі салмақ идеяға» әдісі. Бұл әдіс өз пікірін айтқанда, жеке тұлғаға емес, назарларын идеяға аударуға бағыттайды. Өз пікірін айтқанда келесі айту реттілігін сақтайды.</p>	<p>Студенттер «Соғыстан қайтқан солдаттар» әнін орындайды. «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген» тақырыбына ойтолғау жазады. 1-топ: Боран. 2-топ: Сүйікті жары. 3-топ: Түбірлер. 4-топ: Жастық шақ. Позиция- Өз көзқарасын айтады. Себеп- Неге осылай ойлайтын- дарының себепін көрсетеді. Мысал келтіреді. Талқылау-Өз дәлелін жалпылайды: «Неге мен осылай</p>	«Негізгі салмақ идеяға» әдісінің үлгі кесте.
--------------------------	------------	--	--	--

			есептеймін, себебі ...»	
Ба- ға- лау	6 мин.	Оқушылар білімдеріне қарай өздерін өздері бағалай білуі керек. (П.Блэк. Д.Уильям.) Бағалау бетшесін ұсынамын. Ақылдың алты қалпағы. 1. Сырбай Мәуленов «Боранда», «Қош бол, сәулем», «Түбірлер», «Жастығым, сені жоғалттым», «Ақ түн» өлеңдері ...Әскери өмір менің өлеңімнің де мектебі болды. Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті. Соғыс тақырыбына менің айналып соға беретінім сондықтан. (Сырбай Мәуленов)	Бағалау бетшесіне өзін-өзі бағалап, оқытушыға тапсырады. Әркім таңдаған қалпағы бойынша бүгінгі сабаққа кері байланыс жасайды. 1. С.Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығын оқу. 2. «Ақ түн» өлеңіне сатылай кешенді талдау жасау. С.Мәуленовтің табиғат лирикасына арнап жазған өлеңдерін оқу. ...Қатал соғыстағы адамдар – шығарманың материалы. Олардың бейнелері мен портреттері – ғасырлар бойы өзінің терең мәнін жоймайтын дәуір мен халықтың мүсіндік бейнесі, себебі олар қайталанбайтын уақыт пен жағдайларда жасалынған. (Б.Момышұлы)	Бағалары: 1-4 ұпай- «3» 5-8 ұпай- «4» 9-12 ұпай- «5» Алты түсті қалпақтар. 1. Дәріс материалдары. 2. Өлеңдер жинағы.
Реф- лек- сия				
Үй тап- сыр- ма- сы				
Қо- ры- тын- ды				

Ә.САБЫР,
«Әуезов орта мектебі» КММ.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Уәлиханов ауданы,
Қулықөл ауылы

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. **«ЖАҢА ДОСТАР»**

Мақсаты: оқушылардың қазақ әдебиетінің классигі, көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов туралы мәліметтерін кеңейту, «Жаңа достар» әңгімесінің мазмұнын бекіту, кейіпкерлерге талдау жасауға үйрету.

Нәтиже: оқушылар қазақ әдебиетінің классигі, көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов туралы мәлімет алды, «Жаңа достар» әңгімесінің мазмұнын бекітті, кейіпкерлерге талдау жасауға үйренді.

Сабақтың типі: аралас сабақ. Әдісі: «Кемпірқосақ», POSTER, «Галереяға саяхат», «Т-кестесі», «Синквейн», топтық жұмыс.

Ресурстар: түрлі-түсті парақшалар, А3 форматты қағаздар, топ аттары жазылған қағаздар, түрлі-түсті жолақтар, бағалау парақшалары, түрлі-түсті қиық қағаздар салынған қорапша, маркерлер, сызба-кестелер, смайликтер.

Ынтымақтастық ахуал. Топқа бөлу.	5 мин.	Хор: «Дөңгеленіп тұрамыз, Уықтарды құрамыз,» Қорапшадағы түрлі-түсті қиық қағаздарды таңдай отырып, топ құру:
-------------------------------------	-----------	--

		«Достық», «Бірлік», «Отбасы», «Білім».
I. Білу.	8 мин.	<p>«Кемпірқосақ» әдісі бойынша әр топ бір түсті таңдай отырып, сол түстес жолақтағы сұраққа жауап береді.</p> <p>Қызыл түсті жолақ: POSTER құру. Әңгімеде Шеген мен Бораштың кескін-келбеті қалай суреттелген? Сипаттап жазыңдар.</p> <p>Сары түсті жолақ: Шығарма оқиғасы кімнің атынан баяндалады? Және үш дос балалар үйіне қалай тап болады?</p> <p>Жасыл түсті жолақ: Шеген Қайрошка неліктен сеніммен қарайды? Балалар күнкөріс жолында не істеді?</p> <p>Көк түсті жолақ: Ғабит Мүсіреповке байланысты айтылғанақын-жазушылардың пікірлерін білесіңдер ме?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр топ бір-бірін «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.
II. Түсіну.	10 мин.	<p>«Галереяға саяхат»</p> <p>«Достық»: Әңгіменің 1-бөлімі бойынша жоспар құрастыру.</p> <p>«Бірлік»: Әңгіменің 2-бөлімі бойынша жоспар құрастыру.</p> <p>«Отбасы»: Әңгіменің 3-бөлімі бойынша жоспар құрастыру.</p> <p>«Білім»: Автор туралы мәліметтерге сүйене отырып, берілген сызбаны толтыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр топ бір-бірін «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.
III. Қолдану.		Дәптермен жұмыс. Тақтаға ілінген жоспар, сызбаларды дәптерге көшіріп жазу.

IV. Талдау.	1 5 мин.	<p>«Достық»: Қайроштың анасымен кездескен кездегі сәтті мәнерлеп оқу.</p> <p>«Бірлік»: Берілген үзіндіні көрініс ретінде сахналау.</p> <p>«Отбасы», «Білім»: Берілген сұрақ бойынша Т-кестесін толтыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр топ бір-бірін «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. 										
V. Жинақтау.	3 мин.	<p>Синквейн әдісі. Әр топ өздерінің топ аттарына байланысты жазады: «Достық», «Бірлік», «Отбасы», «Білім».</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр топ бір-бірін «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды. 										
VI. Бағалау. Үй тапсырмасын беру.	3 мин.	<p>Кесте түрінде бағалау.</p> <p>Топ басшылары бағалайды.</p> <table border="1" data-bbox="494 986 924 1107"> <thead> <tr> <th data-bbox="494 986 585 1065">Топ мүшелері</th> <th data-bbox="585 986 663 1065">Үй тапсыр-масы</th> <th data-bbox="663 986 723 1065">Жаңа сабақ</th> <th data-bbox="723 986 804 1065">Тапсыр-малар</th> <th data-bbox="804 986 924 1065">Қорытынды баға</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="494 1065 585 1107"></td> <td data-bbox="585 1065 663 1107"></td> <td data-bbox="663 1065 723 1107"></td> <td data-bbox="723 1065 804 1107"></td> <td data-bbox="804 1065 924 1107"></td> </tr> </tbody> </table> <p>«Менің ең сүйікті досым» тақырыбында шағын шығарма жазу.</p>	Топ мүшелері	Үй тапсыр-масы	Жаңа сабақ	Тапсыр-малар	Қорытынды баға					
Топ мүшелері	Үй тапсыр-масы	Жаңа сабақ	Тапсыр-малар	Қорытынды баға								
VII. Рефлексия.	1 мин.	<p>Смайлик бойынша қорытындылау.</p>										

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ж.ҚУАНЫШЕВА,
Т.Г.Шевченко атындағы
орта мектеп,
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы

АУА РАЙЫ

Қазіргі таңда білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгере отырып, мұғалім жаңадан жаңаны шығарып, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастырады. Педагогикалық технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалана білсек өз мақсатымызға жетеміз. Сабақта әдіс-тәсілдерді жүйелі пайдаланып, оқушыны дамыта оқыту мұғалім қолында.

Білімділік: оқушылардың ауа райы туралы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдерінің айырмашылықтарымен шығармашылық жұмыстар арқылы таныстыру. Жыл мезгілдеріне байланысты тапсырмаларды орындау арқылы білімдерін пысықтау.

Дамытушылық: оқушының жүйелі ойлау, ойын тиянақты, әсерлі жеткізу, шығармашылық ізденістерін арттыруға ықпал жасау. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік: жыл мезгілдерінің адамның мінез құлқына әсер ететіндігін түсіндіре отырып сезімталдыққа тәрбиелеу. Табиғаттың әсемдігін бақылай білуге үйрету, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар: 3-сынып оқулығы, смайликтер, суреттер, карточкалар, т.б.

Кезеңдер	Мұғалім	Оқушы	Әдіс-тәсілдер
1. Ұйымдастыру кезеңі.	<p>1. Сәлемдесу.</p> <p>2. Психологиялық дайындық.</p> <p><i>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық, достарым, Арайлап атқан күнге.</i></p> <p>Бүгінгі ауа райы қандай? Смайликпен бағалау.</p> <p>Оқушылар топқа бөлініп отырады: Күн, бұлт, қар, боран.</p>	<p>Мұғаліммен амандасу.</p> <p>Бірге айтады.</p> <p>Оқушылар оқиды. Смайликтерді таңдайды.</p> <p>Ауа райының құбылыстарын таңдап, топқа бөлінеді.</p>	<p>Топпен жұмыс.</p> <p>Білу (2 ұпай)</p>
2. Өткен тақырыпты қайталау.	<p>Сөзжұмбақ.</p> <p>«Ауа райы».</p> <p><i>Июнь, апрель, снег, метель, грязь, месяц, холодно</i></p> <p>сөздерінің қазақша аудармасынан сөзжұмбақты шешу.</p>		

<p>3. Жаңа сабақты меңгеру.</p>	<p>- Жыл мезгілдері нешеге бөлінеді? - Әр жыл мезгілінде қанша ай бар? - Қыс мезгілінің айларын ата? - Көктем мезгілінің айларын ата? - Жаз мезгілінің айларын ата? - Күз мезгілінің айларын ата? - Бүгін ауа райы қандай? - Қысқы киім мен жазғы киімнің арасында қандай айырмашылық бар? - Алда қандай жыл мезгілі келе жатыр?</p>	<p>- Төртке бөлінеді. Әр жыл мезгілінде үш айдан бар: желтоқсан, қаңтар, ақпан; наурыз, сәуір, мамыр; маусым, шілде, тамыз; қыркүйек, қазан, қараша. - Аяз, боран, жел, т.б. - Қысқы киімдер қалың болады суыққа тонбас үшін, ал жаз киімдер жұқа болады күнге ыстық-тамас үшін. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін жыл мезгілдерінің суреттерінің қасына жапсырады.</p>	<p>Білу, тану (2 ұпай)</p>
--	--	--	---------------------------------

	<p>Сәйкестендіру. Берілген сөздерді жыл мезгілдеріне қарай топтастыру (әр топ) <i>Қар, ыстық күн, жаңбыр, боран, балшық, сары жапырақ, көкөністерді егу, тал егу, ұзақ каникул, лагерь, қысқа күн, құстар келеді, қар ериді, шана, шаңғы, аққала, жайлау, гүл, кемпірқосақ, резеңке етік, комбайн, қырау, тамыз, -25°, қарбыз, сырғанақ, +28°, наурыз көже, мал төлдейді, алғашқы қоңырау, шөп шабу, суга шомылу, саңырауқұлақ жинау, су ағады.</i></p>		<p>Тү- сінү (4 ұпай)</p>
--	--	--	--------------------------------------

	<p>Оқулықпен жұмыс. 4-тапсырма. «Бұл қай кезде болады?» өлеңі. 1-топқа: <i>Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды. Бөбектерім, айтыңдаршы. Бұл қай кезде болады?</i> 2-топқа: <i>Бұлттар төніп, Жаңбыр төгіп, Дымқыл тұман басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?</i> 3-топқа: <i>Өрік, алма, Шие, алиша, Жидек, жүзім піседі. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?</i> 4-топқа: <i>Қар, мұз еріп, Су көбейіп, Сай салаға ағады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?</i> Сөздік диктант. Өлеңдегі сөздерді жазу. <i>Аяз, өрнек, торлайды, бұлт, жаңбыр,</i></p>	<p>Өлеңді оқып, жаттап алу (уақыт беріледі) Әр топ өздеріне берілген шумақтарды жатқа айтады.</p>	<p>Қолдану (6 ұпай) Мәнерлеп сөзді дұрыс айтса-6 ұпай. Толық жаттамай, сөздерді дұрыс айта алмаса-5 ұпай. Өлең шумақтарының жолдарын шатыстырып айтса-4 ұпай.</p>
--	--	---	---

	<p><i>тұман, жидек, жүзім, алма, шие, қар, мұз, еріп.</i></p> <p>Дыбыстық талдау. <i>Жаңбыр, тұман, жидек, бұлт, Аяз, мұз, алма, өрнек, бөбек, ыстық, дымқыл.</i></p> <p>«Сөйлемдерді дұрыс құрастыр» жұмысы.</p> <p>1-топқа:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күн, қысқа, қысқа болады. 2. Төмен ауаның болады температурасы. 3. Жаңа жыл, болады, қысқа, мерекесі. <p>2 топқа:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күн, ұзақ, жазда, болады 2. Жазда, көйлек, мен, киемін. 3. Демалысқа, балалар, шығады, жазғы. <p>3-топқа:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жапырақтар, күзде, сарғаяды. 2. Күзде, киемін, мен, күрте. 3. Жиі, жауады, жаңбыр. <p>4-топқа:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мерекесі, көктемде, болады 8-наурыз. 2. Құстар, келеді, ұшып, көктемде 	<p>Сөздерді дәптерлеріне жазады.</p> <p>Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p> <p><i>Жаңбыр:</i> ж-дауыссыз, а- дауысты, ң-дауыссыз, б-дауыссыз, ы-дауысты, р-дауыссыз.</p> <p><i>Тұман:</i> т-дауыссыз, ұ-дауысты, м-дауыссыз, а-дауысты, н-дауыссыз, т.б. сөздерді осылай талдайды.</p>	<p>Талдау (13 ұпай) (әр дұрыс талданған әріп 1 ұпай)</p> <p>Жи-нақтау (3 ұпай)</p>
--	---	---	--

	<p>3. Болады, көктемде, күн, жылы. Ауа райына байланысты ұғымдар мен түсініктер айту.</p> <p>Шығармашылық жұмыс.</p> <p>- Желтоқсан, қараша, қыркүйек, қаңтар. Әр жыл мезгілінің өзіндік бір ерекшелігі бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қыста ауа райы суық болса да, сендер далаға шығып шаңғы, шана тебесіңдер, аққала жасайсыңдар. • Суық қыстан кейін, 8-наурыз мерекесімен, 	<p>Сөйлемдерді дұрыс құрастырады.</p> <p>« 3 » -3, « 2 » -2, « 1 » -1</p> <p>- <i>Қарлығаш төмен ұшса, жаңбыр жауады.</i></p> <p>- <i>Аспанда жұлдыз көп болса, күн жылы болады.</i></p> <p>Сөздерден сөз құрау. Желтоқсан: <i>жел, сан, ел, тоқ, тақ, жақ, оқ, он, жоқ, не, жол</i>, т.б.</p> <p>қараша: <i>қар, аш, шар, шақ, ара, қара, аша, қашар, араша</i>, т.б.</p> <p>Қыркүйек: <i>қыр, үй, күй, ек, кек, ық, күрек, қый, үйке</i>, т.б.</p> <p>Қаңтар: <i>қар, аң, тар, тақ, қатар, атар, ар, арақ, таң, қарат</i>, т.б.</p>	
--	---	---	--

	<p>Наурыз мерекесімен бәрімізді қуантады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқу жылы аяқталуы мен жаз мезгілі кіреді. Бәріміз демаламыз. • Ұзақ демалыстан кейін, бірінші қыркүйек білім күнінен күз мезгілі басталады. 	<p>Жұмбақтардың жауабын айтады.</p> <p>Қыс Көктем Жаз Күз Оқушылар тыңдайды.</p>	<p>Пайымдау (5 ұпай)</p> <p>Бағалау (4 ұпай)</p>
5. Кері байланыс:	<p>Ауа райы суық болса да, біздің көңіл күйіміз еш қашан суымасын. Бүгінгі сабақта алған көңіл күйлеріңізді мына бас бармақтарың арқылы бағаландар.</p>		(Барлық бөлімдерден алған бағаларын жинақтау)
6. Үйге тапсырма:	<p>Өзіңнің қалаған бір жыл мезгіліне өлең жаттап келу.</p>	<p>Оқушылар күнделіктеріне жазады.</p>	

Н.ҚАМЫСПАЕВА,
Матайқұм орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы

САН ЕСІМ

Мақсаты: сан есім туралы түсінік беру арқылы мағынасын ашу.

1. Сан есімдерге жаттығу жұмыстарын орындату арқылы сан есім сөздердің өмірде қолданылуы жайлы түсініктерін кеңейту.

2. Оқушылардың сөз байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту, салыстыра айыра білу қасиеттерін, пәнге деген қызығушылығын дамыту.

3. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілік қасиеттер мен эстетикалық дағдыларын, білімге деген құштарлығын арттыру.

Түрі: ертегі сабақ.

Әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, жаттығу жұмыстары және оларды талдау.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кестелер, сызбалар, оқулық, жұмыс дәптері.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру

Қазақ тілі-өз тілім, анам тілім.

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

*Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім.*

Міне, балалар, кемеңгер, ғұлама ақындардың тілі – туған тіл-қазақ тілі. Қазір бізде қазақ тілі сабағы.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, қазақ тілі жерінде, морфология елінде, Сөз таптары деген қария өмір сүріпті. Оның зат есім, Сын есім, Сан есім, Есімдік, Етістік, Үстеу, Шылау, Одағай, Еліктеуіш сөз деген батыр, әрі халқына адал қызмет еткен, мейірімді, қайырымды тоғыз ұлы болған екен. Күндердің күнінде өз алдына кеткен тоғыз ұлын сағынып, қария жолға жиналады. Бір күні сөз табы қариясы жолда келе жатса, жалғыз көзді дәуге кезігеді. Жалғыз көзді дәу қарияға бірнеше сұрақтар беретіндігін айтады, егер жауап берсе, сүйікті ұлдарына жіберіп, жауап бере алмаса, биік жартастан лақтырып жіберетіндігін ескертеді. Қария абдырып, қойылған сұрақтарға жауап ойлайды.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген, балалар, бізде қарап отырмай қарияның жалғыз көзді дәуден құтылып шығуына көмек етейік.

1. Зат есім дегеніміз не?
2. Деректі және дерексіз зат есім дегеніміз не?
3. Сын есім дегеніміз не?
4. Негізгі сын есім дегеніміз не?
5. Туынды сын есім дегеніміз не?

6. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

- Міне, балалар, сендер сұраққа жауап беру арқылы, қарияның жалғыз көзді дәуден аман-есен құтылып шығуына көмектестіңдер.

Қария жалғыз көзді дәуден құтылғанына қуанып, көмек көрсеткен балаларға алғыс айтып, одан әрі жол жүріп кетеді. Көп ұзамай, өзіне серік болар үшінші ұлын іздеп жолға шығады. Үшінші ұлының атын мына ребус арқылы табайық.

III. Жаңа сабақты түсіндіру. Ребус шешу.

Қария аман-саулықтан соң, үшінші ұлы сан есім шаһарын аралап, жақынырақ танысқысы келеді. Бізде сөз табы атаймен бірге Сан есім шаһарымен жақынырақ танысайық. Олай болса, балалар, біздің бүгінгі жаңа тақырыбымыз-«Сан есім». Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? Нешеу? нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын Сан есім дейміз.

Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, тікелей зат есіммен тіркесіп қолданылады. Мысалы, Бұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты (Жамбыл) деген сөйлемде тоқсан деген сан есім (неше?) жас деген зат атаулының санын білдіріп тұр. Кейде сан есімдер зат есімсіз-ақ жұмсала береді. Ондай сан есім әрі заттық мағынаны, әрі сол заттың санын, мөлшерін білдіріп тұрады. Мысалы, Тоқсаннан әрі кетті, жүзге де асты (Жамбыл) деген сөйлемде тоқсаннан жүзге деген сан

есімдер әрі заттық ұғымды (тоқсан жастан және жүз жасқа), әрі оның мөлшерін, санын білдіріп тұр.

Жаттығулармен жұмыс.

156-жаттығу. Мәтін мазмұнынан сан есімдерді табыңдар да, оларды тіркескен сөзімен бірге цифрмен жазыңдар.

157-жаттығу. Жаңылтпашты оқып, айтып үйреніңдер. Сан есімдерді қатыстырып, өздерің де осындай жаңылтпаш құрастырып көріңдер.

Сергіту сәті. (Жұмбақтар әлеміне саяхат)

Айболда бес өрік

Нұрболда екі өрік

Барлығын қосқанда

Болады неше өрік? (7 өрік)

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Алақанды ашамыз,

Бесті беске қосамыз.

Кел санайық ал мұны,

Қанша болады барлығы? (10 саусақ)

Сөз құрамынан сан есімді тауып цифрмен жазыңдар.

Үлгі: түбір – тү+1...

Кекіл - (к+2+л)

Күшік - (к+3+ік)

Дербес - (дер+5)

Балтыр - (б+6+р)

Жетік - (7+к)

Сегізкөз – (8+көз)

Бірлік - (1+лік)

Көп нүктенің орнына тиісті санды қойып жұмыс жасау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

..... ала болса,

Ауыздағы кетеді.

..... түгел болса,

Төбедегі келеді.

Ер жігіттің сөйлегені өлгені.

... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.

... теңгең болғанша, ...досың болсын.

Білекті ... жығады,

Білімді ... жығады.

Алыстан.... жастағы бала келсе,

.... жастағы қарт келіп амандасады.

Мәтінен сан есімдерді табыңдар. (ауызша)

Балаларымды ойыншық дүкеніне ертіп әкелдім. Мол дүниенің ішіне кірген соң, ұлдарым есі шығып кетті. Дүкен іші- машина, ұшақ, зымыран, арыстан, маймыл, т.б ойыншықтарға толы екен. Балаларым бірін алды, екіншісін тастады, ақыры таңдау кезегіне де жетті. Қолтықтарына бір-бір автоматты қысып алған. «Осыны алдық», - деп ентігіп тұр. Мен бұлардың әдетін жақсы білемін. Дәл осындай екі автоматты жаздығүні ғана әпердім. Бірі қашып, бірі қуып екі күн

атысқан. Әбден берекемізді кетірген. Үшінші күні автоматтың батереясы таусылған соң ғана тыныш тапқанбыз.

-Автоматты алмайсыңдар! – деп кесіп айттым. Қолайлы ойыншық іздедім. Екеуі автоматтарын құшақтаған күйі қыңқылдап соңымда жүр.

- Енді бұзбаймыз, ақымақ болмаймыз, - дейді.

Тапсырма: сан есімді қатыстырып екі-екіден сөйлем құрайық.

- Міне, балалар, біз де Сөз табы қариясымен бірге Сан есім шаһарын аралап, өзіндік ерекшелігімен таныстық.

Қария үшінші ұлына деген сағынышын, мауқын басып, тұрмысымен танысып, ризашылығын білдіріп, кейінгі ұлдары да қандай жағдайда өмір жатқанын көрейін, білейін деп жолға шығады.

Сан есім шаһарынан шығып, жаяу келе жатса, үлкен бір қазына аралына тап болады. Аралда үлкен құлыптаулы сандық тұрады. Сандықты ашайын десе ашылмайды. Ол үшін тағы сұрақтарға жауап беру керек.

IV. Бекіту сұрақтары.

1. Сан есім дегеніміз не?
2. Сан есім қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Сан есімдердерге мысал келтір?

V. Үйге тапсырма: Ережені жаттау, 158-жаттығу.

VI. Оқушыларды бағалау.

А.ТУРДАЛИЕВА,
«Қосағаш» жалпы орта мектебі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Қазығұрт ауданы

ҚАРСЫЛЫҚТЫ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын, құрамындағы жай сөйлемдердің қарым - қатынасын меңгерту.Өзге салаластардан ажырата білуге үйрету. Тапсырмаларды орындау негізінде оқушының жеке тұлғалық қабілетін ашу.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Қарсылықты салаластың ережесін айта алады. Жасалу жолдарын біледі. Оқушылардың басым бөлігі: Мәтін ішіндегі қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді ажыратады. Қарсылықты салалас құрмаластың жалғаулықты,жалғаулықсыз екенін ажырата алады. Кейбір оқушылар: Қарсылықты салаласқа мысалдар келтіріп, түсіндіріп айта алады. Талдау жасайды. Өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаты	Негізгі сөздер мен тіркестер: Құрмалас сөйлем – сложное предложение.

	<p>Салалас құрмалас-сложносочинённое предложение.</p> <p>Қарсылықты салалас - сложносочинённое предложение с противительным союзом.</p> <p>Антоним, қарсылықты мәндегі шылау.</p>	
	<p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</p> <p>Талқылауға арналған тармақтар: Қарсылықты салалас құрмаластың жасалу жолын, құрамындағы жай сөйлемдердің қарым-қатынасын меңгерту.</p> <p>Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?</p> <p>Неліктен қарсылықты салалас деп аталатынын айта аласыз ба?</p> <p>Себебі: жай сөйлемдері бір-біріне қарама-қарсы мағынада болады.</p> <p>Жазылым бойынша ұсыныстар: жаттығуларды шарты бойынша орындап, сөйлемнің түрлерін талдап түсіндіру.</p>	
Пәнаралық байланыс	Орыс тілі, география, тарих.	
Алдыңғы тақырып	Құрмалас сөйлем түрлері	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу.	

	<p>Оқушыларды үш топқа бөлу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Шылаулар» тобы. 2. «Антонимдер» тобы. 3. «Қарсылықты салалас» тобы. <p>Бағалау парақшаларын беру. (Жеке, топтық)</p>	<p>Топтардың аттары. Бағалау парақшалары.</p>
Ортасы	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Білімді пысықтау» сатысы. 1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не, оның неше түрі бар? 2. Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің айырмашылығы қандай? 3. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? 4. Салалас құрмаласты жасауға қандай шылау қатысады? 5. Салаластың мағыналық түрлері нешеу, олар қалай жасалады? 6. Ыңғайлас салалас қалай жасалады, тыныс белгілері қандай? 7. Себеп-салдар салалас дегеніміз не? Жасалу жолдары. <p>2. Үй тапсырмасын тексеру. 103-жаттығу. 122-бет. Бірінші мен екінші топтағы сөйлемді құрмаластыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тереңге балық уылдырық шаша алмайды, неге десең 	

	<p>онда уылдырық оралатын не балдыр, не шөп, не қамыс жоқ. (Тереңге балық уылдырық шаша алмайды, бірақ 40-50 см биіктікте өсетін ламинария балдыры бар жерге шаша алады.)</p> <p>3. Жаңа сабақ.</p> <p>1. «Шылаулар» тобы. 2. «Антонимдер» тобы. 3. «Қарсылықты салалас» тобы</p> <p>Әр топ өзінің атына сай берілген тапсырманы тақтаға орындайды.</p> <p>1. Қарсылықты мәндегі шылаулар: бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де.</p> <p>2. Антоним сөздер: жылы – суық, биік – аласа, ақ – қара.</p> <p>3. Далада қысқа лайықты ауа-райы суық болып тұр, дегенмен сыныптың іші жылы.</p> <p>А) «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі. Оқулықпен жұмыс. Тақырыпты оқиды, топта талқылайды. Әр топқа тақырыптан ережені қамтитын үш сұрақ дайындату. «Топтық ыстық орындық» әдісі. «Бас бармақ» әдісімен бірі- біріне баға береді.</p> <p>4. Жаттығулар орындау. 104-жаттығу.</p> <p>1. Мақалдардың сыңарлары салаласа байланысқан ба,</p>	
--	---	--

	<p>сабақтаса байланысқан ба? (оқушылық деңгей)</p> <p>2. Жетіспей тұрған тыныс белгілері болса ,дәлелдеп қойып шығындар. (оқушылық деңгей)</p> <p>3.Төмендегі ғылыми мәтінде берілген ой – пікірдің өтіліп жатқан тақырыпқа қатысы бар ма? Дәлелдендер. (алгоритімдік деңгей)</p> <p>4. Автор келтірген мақалдардың қарама-қарсылығына көз жеткізіндер. (ізденімдік деңгей)</p> <p>105-жаттығу.</p> <p>Берілген жай сөйлемдерге ойларыңнан қарама-қарсы мәнді жай сөйлем ойлап жазып, қарсылықты салалас құрандар. (алгоритімдік деңгей)</p> <p>1. Жел саябырлаған сияқты,...</p> <p>2. Теңіз тынышталды,...</p> <p>3. Тау астындағы көлдің үңгірі жолдан алыс екен,...</p> <p>4. Бұрын бай еді,...</p> <p>5. Көп балалы үйдің шаң-шұңы көп болушы еді,...</p> <p>6. Қыстың ортасы болып қалды,...</p> <p>Талдату.</p> <p>5. Жаңа сабақты бекіту.</p> <p>1. Постер жазып, қорғау.</p>	<p>Проектор</p> <p>Жұмыс дәптерлері, оқулық, қарындаш, А-3, А-4 форматтары, маркер</p>
--	---	--

	<p>Берілген тақырыптар бойынша мәтін жазу. (мәтінде қарсылықты салалас сөйлем болуы тиіс)</p> <p>Компьютердің пайдасы мен зияны.</p> <p>Ұялы телефонның пайдасы мен зияны.</p> <p>Қыс мезгілінің қолайлы жақтары мен қолайсыз жақтары.</p> <p>«Сөйлемді аяқта» әдісі</p> <p>Оқушылар жұптасып бірі- біріне қарап тұрады да, бірінші оқушы бірінші жай сөйлемді айтады, ал екінші оқушы қарсылықты салалас етіп сөйлемді аяқтайды.</p>	
Аяқталуы	<p>Бағалау паркшалары арқылы бағалау.</p> <p>Кері байланыс: Не оңай болды? Не қиын болды?</p> <p>Үйге тапсырма:</p> <p>«Қыс қызығы бітпесін» тақырыбы бойынша мәтін жазу. (мәтінде қарсылықты салалас сөйлем болуы тиіс)</p> <p>Ережелерді қайталау.</p>	Стикерлер
<p>Қосымша ақпарат: 6-сынып қазақ тілі «жалғаулықты шылау» тақырыптарын қосымша оқуды (қайталау жасауды) тапсырамын.</p>		

<p>5. Кері байланыс. Сабак/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>		
---	--	--

Қорытынды бағамдау.

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да оқуды да ескеріңіз)?

- 1.
- 2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да оқуды да ескеріңіз)?

- 1.
- 2.

Сабақ барысында мен келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетінін білдім.

А.САБЫРЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы
№5 жалпы орта мектеп.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы

СӨЗЖАСАМНАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(5-сынып)

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Сөзжасам туралы мағлұмат беру, сөзжасамның жасалу жолдарынан алған білімдерін пысықтау, мысалдар арқылы дәлелдей білуге үйрету.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Күрделі сөздерді таба отырып, фонетикалық талдау жасай алады.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Тірек сөздерді қолдана отырып, сөйлем құрай алады.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:..., ... Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>шіркін, кім біледі, жә, сірә, біріншіден, сөз жоқ, олай болса, қазағым, ару Астанам, ой, бағымызға қарай, әсем қалам, гажан!</i>

	Талқылауға арналған сұрақтар: <i>Не себепті деп ойлайсыз?</i> <i>Не себепті ару қала Астана деп ойлайсыз?</i> Ишара: қол шапалақтау, бас ізеу.	
Алдыңғы оқу:	«Қазына аралына саяхат»	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы	Ширату жаттығуы «Сөзді бейнеле». Қатысушылар жәшіктен сөзді алып шығады да, 30 секунд бойы қай топқа жататынын анықтайды.. Топқа бөлу. Қағаздан қиылған «Туған жер», «Қаракұрт», «Топ-топ адам» суреттері бойынша 3 топқа бөлінеді.	Қағаздан қиылған сөздер бойынша бөлінеді.
Ортасы	- Балалар, не себепті, үш топқа бөлініп отырмыз? 3-топқа сұрақтар қойылады. «Кім жылдам?» әдісі. 1. Сөзжасам дегеніміз не? 2. Жаңа сөздер жасалуына қарай нешеге бөлінеді? 3. Сөзжасам сөзі қай тілден енген? 4. Фонетика дегеніміз не?	

	<p>5. Өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырамай шығуын қалай атаймыз?</p> <p>6. Дауыссыз дыбыстар дегеніміз не?</p> <p>7. Жуан дауысты дегеніміз не?</p> <p>8. Қазақ тіліне тән дыбыстар саны неше?</p> <p>9. Қазақ тілінде неше әріп бар?</p> <p>10. Біріккен сөз дегеніміз не?</p> <p>11. Алматы қаласы, ойнап отыр сөздері күрделі сөздің қай түріне жатады?</p> <p>12. Салт-дәстүр сөзі қай қатарға тән? Мағынасы.</p> <p>Ойлан, тап. Осы мәтіндерді оқып шығып, ішінен күрделі сөздерді тауып, семантикалық картаны толтырамыз.</p> <p>№1 мәтін.</p> <p><i>Жәндіктердің ең улысы және қауіптісі – қарақұрт. Ол шөл және шөлейт жерлерде, сай - жыраларда, адырлы жоталарда, жусанды жерлерде көп болады. Қарақұрт үйге кіріп, төсек-орыңға тығылады да, жанасқанды шағып алады. Шаққаны бірден сезілмейді, еш жерің ауырмайды. Біраз уақыт өткеннен кейін денеге уы жайылады да, адам есінен танады. Қарақұрт шаққанын білген заматта, шаққан жерді сіріңкемен күйдіру керек. Уы тістеген жерден 0,5 миллиметрден әрі сіңбейді.</i></p> <p><i>Егер жиырма - отыз минуттай кешіксе, у адамның денесіне тарап кетеді де, бұл әдістің әсері болмайды. Қарақұрттың уы – май тәрізді еритін сұйықтық. Оны алпыс градусқа дейін қыздырса, уытын жояды. («Жыл он екі ай» кітабынан)</i></p>	
--	--	--

	<p>№2 мәтін.</p> <p>Сағындырған туған жер Анау көрініп тұрған төскейдің сай - саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын. Тіпті былтыр боқырауда, күзеу үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Сонда тайға шапқан, асық ойнаған, құрбы балалармен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір ыстық қоныс осы болатын. Қыс бойы ауылды, елді сағынғанда есінен кетпейтін соңғы күндері дәл осы Есембайда өткен....</p> <p>Жазықсыз сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі әдемі өлке мұнарланады... Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ - ұзақ қарайды. «... Тіпті қойныңа тыққан ұры - мұрыңмен де жатсың, бөтенсің демеймін» деп қараған сияқты.... Жер ошақтардан шыққан түтіндері де біріне - бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. (М.Әуезов)</p> <p>№3 мәтін.</p> <p>Үй ішіне еркек - әйел, ауыл адамдары сыймай кетті. Шашу шашқан әйел –Сақыш. Сақыш – Дінасылдың өзі әперген Әуездің екінші әйелі. Арынбек, Қасымбек, Ағзам, Ахметтің шешесі.</p>	
--	--	--

	<p><i>Сақыш – орта бойлы қара сұр әйел.. Жасы қырықтың жуан ортасынан асып қалғанымен, жүріс - тұрысы жинақы, келін - балаларына қысқа - қысқа әмір ете жүріп, үйдегі бар жұмысты басқаруға кірісті.</i></p> <p><i>Шашу шашылып, ду - дүрмек молайған кезде де Мұхтар момын, сылбырлау күйінен өзгере қойған жоқ. Тек шашу шашылып болған соң өзін ұшықтаған әжесіне:</i></p> <p><i>–Әже, мен ауырған жоқпын ғой, неге ұшықтайсың?</i></p> <p><i>–Ой, шіркін, сен не білесің?! Абай атаңды аузыңнан тастамасаң, ол жебеп, демеп жүреді.</i></p> <p><i>Қасымбектің осы сапарда қаладан алып келген сөмкесін қолына ұстап, әжесінің үйретуі бойынша оң аяғымен табалдырықтан аттады. Осы бір сәтті қадағалап тұрған әжесі:</i></p> <p><i>–Бісміллә! – деп баласының соңынан ілесе шықты.</i></p> <p style="text-align: right;"><i>(Қ.Оразалин)</i></p> <p>Жұптық жұмыс.</p> <p>1-топ.</p> <p>Мына біріккен сөздерді қатыстыра отырып 3 сөйлем құрап жазыңыз. <i>Ақтөбе, ақсүйек, Жанболат, бүгін, әркім.</i></p>	
--	---	--

	<p>2-топ. Мына тіркескен сөздерді қатыстыра отырып 3 сөйлем құрап жазыңыз. Күн сәулесі, он екі, бесікке салу, жүгіріп жүр, туған жер!</p> <p>3-топ. Мына қос сөздерді қатыстыра отырып 3 сөйлем құрап жазыңыз. Үлкен- кіші, бала- шаға, дәрі -дәрмек, қызыл- жасыл, қазы -қарға.</p> <p>Топтық жұмыс. Графикалық органайзер Ақпаратты сүзу Мәтінді оқып шығу. Ұлттық ойын атауларының жасалу жолдарын түсіндіріңдер. Мәтіннен тұрақты тіркестерді тауып, олардың білдіретін мағынасын анықтаңдар.</p> <p><i>Серіәлі көз ілеспес жылдамдықпен Ерденнің оң аяғынан шалып қалды. Ерден кескен теректей жалп ете түст. Серіәлі оның басынан аттап күйі алып кетті. Күреске жеңгеннің бас бәйгесі бір ат еді. Оны қиындықсыз ақ жеңіп алды. Түстен кейін сайыс, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, қыз қуу сияқты қазақтың ұлттық ойындары өтті.</i></p>	
--	---	--

	Сергіту сәті	
Соңы	<p>Терме диктант. <i>Күндіз -түні, бата беру,</i> <i>әмбебап, қайрат -күш,</i> <i>қара шаңырақ, көре- көре,</i> <i>әуежай, қайсыбіреу, данагөй,</i> <i>елбасы, әр жақта.</i></p> <p>Рефлексия пирамидасы</p>	<p>Тірек сөздер</p> <p>АКТ, Пирамида сызбасы</p>
Қосымша ақпарат		
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Бағдаршам Карточкаларды тақырыпты түсінгенін көрсету үшін пайдалануға болады (мысалы, қызыл түс =БАРЛЫҒЫ, сары түс =КӨБІ, жасыл түс =КЕЙБІРІ). Бағалау өлшемі Оқушының аты-жөні: _____</p>	<p>Пәнаралық байланыс -жараты- лыстану Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылық- тармен байланыс (тәрбие элементі). АКТ сабақтың басында пайдала- нылады.</p>

<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не үйренді?</p> <p>Сабақ қалай, қандай деңгейде өтті?</p> <p>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?</p> <p>(тапсырмалар сәйкес болды ма?)</p> <p>Уақытты қалай пайдаландым?</p> <p>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Қорытынды бағалау.</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 		

С.КАКЕЕВА,
Северный жалпы орта
білім беру мектебі.
Павлодар облысы,
Ертіс ауданы

ОТБАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

(5-сынып)

Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	5. Т3. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну 5. А5. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.
Сабақ мақсаттары:	Сұрақтарды толықтай түсінеді және жауап береді. Оқушылар бір-бірімен пікір алмасады. Күнделікті қолданып жүрген тірек сөздер мен жаңа сөздерді пайдаланады.
Бағалау өлшемдері	Сұрақты дұрыс түсінеді. Лайықты жауап бере алады. Шағын диалогке қатысады. Тұрмыста жиі қолданылатын жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді.
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: төрлетіңіз, астан алыңыз, дастархан басына келіңіз, өтіңіз, амансыз ба?, қош келдіңіз, сау болыңыз. Диалог құруға \шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>қош келдіңіз, төрлетіңіз, төріңнен қарт кетпесін, дәстүр, әдепсіздік, қонақтар, төр, қуаныш, ақ сақалды ата,</i>

	<p><i>дастархан төрінде.</i></p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <p>Сенің отбасында қонақтарды қарсы алу дәстүрі сақтала ма ?</p> <p>Қазіргі заманда қонақтың көңілін қалай аударады?</p> <p>Сенің отбасында қонақты қалай күтеді?</p> <p>Не себепті отбасында қонақтарды қонақжайлылықпен қарсы алу керек деп ойлайсыз?</p> <p>Ишара: қолдау сөз, смайлик.</p>	
Алдыңғы білім	Қазақша амандасу түрлерін біліп келеді.	
Құндылықтарға баулу	Қонақтарды қонақжайлылықпен, сыйластықпен қарсы алатынын түсінеді.	
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану, дүниетану.	
Жоспарланған уақыт	45 минут	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут	Ұйымдастыру жұмысы. Психологиялық ахуал туғызу. «Ұшақ ұшыру» стратегиясы арқылы оқушылар бір-біріне жақсы тілек білдіреді.	Суреттер
2 минут	Үй жұмысын тексеру. «Миға шабуыл» стратегиясы.	
2 минут	Қызығушылықты ояту. «Пазл» ойыны	

	(суреттер арқылы үш топқа бөлінеді) жаңа тақырыпқа шығуы. (1-қосымша)					
Сабактың ортасы . Білу. 8 минут	Т.Ж. 1-тапсырма. Мәтіналды тапсырма: Оқушылар топта мәтінді оқып, негізгі ойды ашатын сөздерді табады. (2-қосымша) Мәтінмен жұмыс: Мәтін үш топқа беріледі. Әр топ мәтіннен негізгі ойды ашатын сөздерді тауып, флипчартқа салады. <table border="1" data-bbox="435 755 791 1058"> <tr> <td>Бағалау өлшемі</td> <td>Дескриптор:</td> </tr> <tr> <td>Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.</td> <td>Негізгі ойды ашатын сөздерді табады. Ойын толық жеткізеді.</td> </tr> </table> Қ.Б. «Бас бармақ» әдісі.	Бағалау өлшемі	Дескриптор:	Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.	Негізгі ойды ашатын сөздерді табады. Ойын толық жеткізеді.	Флипчарт
Бағалау өлшемі	Дескриптор:					
Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.	Негізгі ойды ашатын сөздерді табады. Ойын толық жеткізеді.					
Түсіну 3 минут 3 минут	Сөздікпен жұмыс. «Доп лақтыру». <i>Төрлетіңіз, астан алыңыз, дәстүр, әдепсіздік, қонақтар, төр, қуаныш.</i> Т.Ж. Тыңдалым алдындағы тапсырма: 2-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Берілген сұрақтарға					

	<p>қай топ тез және дұрыс жауап береді. (3-қосымша)</p> <table border="1"> <tr> <td>Бағалау өлшемі</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>Берілген сұрақтарға тез және жылдам жауап береді.</td> <td>Сұрақтарға дұрыс жауап береді.</td> </tr> </table> <p>Қ.Б. «Жетон»</p>	Бағалау өлшемі	Дескриптор	Берілген сұрақтарға тез және жылдам жауап береді.	Сұрақтарға дұрыс жауап береді.	
Бағалау өлшемі	Дескриптор					
Берілген сұрақтарға тез және жылдам жауап береді.	Сұрақтарға дұрыс жауап береді.					
<p>Қолдану</p> <p>8 минут</p>	<p>Т.Ж. Ж.Ж</p> <p>Тыңдалым тапсырмасы: 3-тапсырма. Бейнеролик арқылы диалог құрастырады. Саралау: Қолдау қажет ететін оқушыларға берілетін сөз тіркестері: достарым, қош келдіңіздер, төрлетіндер, өте тәтті, құймақ ұнады, ұлттық тағам, ұлт өкілдері, сыйлықтар.</p> <table border="1"> <tr> <td>Бағалау өлшемі</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>Тірек сөздерді диалогта тиімді пайдаланады.</td> <td>Тірек сөздерді орынды пайдаланды. Сұрақтарды дұрыс қолданды.</td> </tr> </table> <p>Қ.Б. «Бағдаршам» әдісі. Сергіту сәті «Амандасу».</p>	Бағалау өлшемі	Дескриптор	Тірек сөздерді диалогта тиімді пайдаланады.	Тірек сөздерді орынды пайдаланды. Сұрақтарды дұрыс қолданды.	<p>https://www.youtube.com/watch?v=hhrbc_nbS_U</p>
Бағалау өлшемі	Дескриптор					
Тірек сөздерді диалогта тиімді пайдаланады.	Тірек сөздерді орынды пайдаланды. Сұрақтарды дұрыс қолданды.					
<p>2 минут</p>						

Талдау 6 минут	Т.Ж. 4-тапсырма. «Балық қаңқасы»		Флипчарт, фломастер
	Бағалау өлшемі	Дескриптор	
	Мәселені анықтайды. Себептерін табады. Дәлелдейді. Қорытынды жасайды.	Мәселені және оның себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.	
	Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір тілек».		
Жинақтау 3 минут	Ж.Ж. 5-тапсырма. «Шындық-жалған» әдісі. Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар. (4-қосымша)		Интер-белсенді тақта
	Бағалау өлшемі	Дескриптор	
	Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын біледі.	Ойларын толық жеткізеді.	
	Қ.Б. Қолпаштау.		
Бағалау 4 минут	Ж.Ж. «Қонақ» бес жолды өлең. Саралау: Қолдау қажет ететін оқушыларға берілетін сөз тіркестері: қонақжай, қайырымды, қарсы алды, құрметтейді, шақырады.		«Sinkwein» әдісі
	Бағалау өлшемі	Дескриптор	
	Сабақтан алған білімін қорытындылайды.	Сабақ бойынша жинаған білімін қорытады.	
	Қ.Б. «Көршінді мадақта»		

Сабақтың соңында 1 минут	Қ.Б. «Чемодан, еттартқыш, себет»	
Қосымша ақпарат		
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).
Қажеттілігі бар оқушыларға қолдану деңгейінде диалог құрастыруға қажетті пайдалы тіркестерді беру арқылы қолдауды ұйымдастырамын.	Сабақ барысында оқушыларға қолдау көрсету мақсатында қалыптастырушы бағалауды «Бағдаршам», «Көршіңді мадақта», «Sinkwein», «Чемодан, еттартқыш, себет», «Жетон» әдіс-тәсілдер арқылы жүргіземін. «Бағдаршам» тәсіл арқылы қолдауды қажет етіп отырған оқушылар қызыл түсті көтеріп, көмек қажет екендігін білдіреді. Бұл дер кезінде кері байланыс	Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, денсаулық сақтау технологиялары қолданылады. Бұл, әсіресе, жұмыс формасы арқылы көрініс табады.

	<p>жасауға, қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.</p>	<p>Оқушылар жеке, топпен, жұппен жұмыс істеп үнемі қозғалыста болады. Әрі оқушыларда кедергі болмау үшін үнемі қолдау жасалып отырды. Психологиялық оң ахуал тудыруға баса назар аударылады.</p>
<p>Рефлексия С а б а қ т ы ң мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Ж о с п а р ы м а қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Сабақ тапсырмалары мақсатқа бағытталған. Оны арнайы критерийлер арқылы анықтауға мүмкіндік жасалған. Өлшемдерді орындау үшін дескрипторлар айқын көрсетілген. Сабақта әлі де болса, қалыптастырушы бағалау пысықтауды қажет етеді. Бұл сабақ оқушылардың алдыңғы білімдеріне негізделе отырып жоспарланды. Бүгінгі сабақ оқушылардың айтылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ол үшін біз сабақта айтылым, тыңдалым құрылымдарын көбірек пайдаландық.</p>	

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)

1. Сабақ басында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында қолданылған жаттығулар.

2. Жаңа тақырыпқа шығу барысында суреттерді орналастыру тапсырмасы

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1. Тыңдалым және айтылым дағдыларына байланысты түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындау.

2. Оқушылардың өз ойын еркін айту дағдысын қалыптастыруға арналған шығармашылық жұмыстарды ұсыну.

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?

1. Кері байланыс алу арқылы оқушылардың келесі сабақта нені білгілері келетіндігін, қандай әдіс-тәсілді қолданғанда белсенділік танытқандары жөнінде ақпарат алдым.

Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА,
№ 77 орта мектебі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Құланды елді мекені

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ

(7-сынып)

Оқу мақсаты	7.1.6.1. – коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу. 7.2.4.1. – идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: тамақтану туралы мәтінмен танысады, мақал-мәтелдердің тақырыптық топтарын түсінеді. Оқушылардың басым бөлігі: мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, мақал-мәтелдердің тақырыптық топтары бойынша тапсырмалар орындайды. Кейбір оқушылар: адам денсаулығы және оған дұрыс тамақтанудың әсері жайлы мәтіндерге тақырыптық топтарға бөліп, мысал келтіріп, өз ойын дәлелдейді.
Күтілетін нәтиже	Оқушылар: дұрыс тамақтану туралы ақпарат алады және мақал-мәтелдердің тақырыптық топтарына тән белгілермен танысады.

Тілдік мақсаты	<p>Негізгі сөздер мен тіркестер: <i>ас, тамақтану, Отан, ерлік, ынтымақ, достық, төрт түлік мал, мінез-құлық, өнер, отбасы.</i></p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дұрыс тамақтану тәртібін сақтау туралы әңгімеле. 2. Сүйікті асың қандай? 3. Мақал-мәтелдердің қандай тақырыптық топтарын білесіңдер? 4. Мақал-мәтелдерді дұрыс топтастыр. 5. Мақалдың тақырыбын тап. <p>Жазылым бойынша ұсыныстар: мәселені бірлесіп шешудің амалын табады; жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсынады және пікір алмасады; бірлесіп және өз бетінше тапсырмалар орындайды; диалог құрады; сұрақтар қояды және жауап береді.</p>			
Алдыңғы тақырып	Салауатты өмір салты және мақал-мәтелдердің құрылымдық түрлері бойынша тапсырмаларды саралау.			
Жоспар				
Басталуы	<p>Үйге берілген тапсырманы сұрау.</p> <p>Оқушыларға өткен тақырып бойынша сұрақтар қою.</p> <p>Оқушыларды түстер арқылы 2 топқа бөлу.</p>	<p>Үйге берілген тапсырманы еске түсіреді.</p> <p>Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>	Смайликтер арқылы бағалау.	Слайд, сұрақтар салынған ұяшықтар, постерлер, тақта, маркер.

	«Джигсо» әдісі арқылы 1, 1А тапсырмаларын орындату. 1Ө тапсырмасын 2 топ (даттаушы, жақтаушы) болып қысқаша дебат арқылы орындату. Ережені түсіндіріп, сұрақтар қою.	Оқушылар түстер арқылы 2 топқа бөлінеді. «Джигсо» әдісі арқылы 1, 1А тапсырмаларын орындайды. 1Ө тапсырмасын 2 топ (даттаушы, жақтаушы) болып қысқаша дебат арқылы орындайды. Ережені түсініп, сұрақтарға жауап береді.		
Ортасы	2, 3-тапсырмаларды «Өрмекші торы» арқылы орындату. 4-тапсырма бойынша мәтін тыңдатып, постер жазып 4 А тапсырмасын орындату.	2,3-тапсырмаларды «Өрмекші торы» арқылы орындайды. 4-тапсырма бойынша мәтін тыңдап, постер жазып 4 А тапсырмасын орындайды.	Асықтар арқылы бағалау	Қағаз, қалам, асықтар

Аяқталуы	5-тапсырма бойынша «Кім тапқыр?» ойынын ойнату. Үйге тапсырма: 1 Б	5-тапсырма бойынша «Кім тапқыр?» ойынын ойнайды. Үйде 1 Б тапсырмасын орындайды.	Мұғалімнің қолдау сөздері арқылы бағалау.	Тыңдалым жазбасы
Рефлексия				
Сабак\оқу мақсаттары шынайы ма?	Бүгін сабақта оқушылар не үйренді?	Сыныптағы ахуал қандай болды?	Саралау шаралары тиімді болды ма?	Жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?
Оқу мақсаттары шынайы өтті.	Бүгінгі сабақта оқушылар дұрыс тамақтану тәртібін білді, мақал-мәтелдердің бірнеше тақырыптарымен танысты.	Оқушылар топқа, жұпқа бөлініп, тапсырмаларды ынтымақтасқан түрде орындады.	Саралау шаралары тиімді болды.	Жоспарыма өлшем арқылы бағалауды енгізу керектігін білдім. Себебі өзін-өзі бағалау шынайы болады.

**Ұ.ЖҰПБОЛОВА,
Г.ДОСТАНҒАЛИЕВА,
№47 жалпы орта білім беретін мектеп,
Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласы**

АНА ТІЛІМ - БӘРІН СӨЙЛЕР ШЕЖІРЕМ

Кештің мақсаты: оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза, шұбарламай сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу. Ән: «Қазақ елі».

1-жүргізуші: -Армысыздар, құрметті тіл жанашырлары, бүгінгі «Ана тілім-бәрін сөйлер шежірем» атты тіл мерекесіне қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: -Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» дегендей біз ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран етіп, қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек.

Қазіргі қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ғаламдық мәдениет қазынасына мақтанышпен ұсынуға лайық құндылығы.

1-жүргізуші: - XV ғасырда Қазақ хандығы құрылған заманның бастауында тұрған Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Шал ақынның дидактикаға толы жыраулар поэзиясы, XIX ғасыр басында Сүйінбай

Аронұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің діни-ағартушылық бағыттағы шығармалары қазақ халқының сөз байлығы мен тіл өрнегіне ерекше әсер етті.

2-жүргізуші: - XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың ұлы тұлғалары Шоқан, Абай, Ыбырай, XX ғасыр басында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев сынды қазақ зиялылары тіл тазалығы мен сауаттылығы мәселесіне барынша назар аударды, тіл шеберлігімен кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, асыл мұра да қалдырған.

1-жүргізуші: - Мындаған жылдар бойы қалыптасқан тіліміздің әуезді де әсем күйде игілігімізге берілуіне үлес қосқан бабаларымызға мың алғыс!

Балалар, құтты болсын тілің бүгін,

Ашатын жан сарайын білімдінің.

Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан,

Тіліне зер салыңдар бұрынғының, дей келіп, бүгінгі тіл мерекесіне арналған кешімізді бастауға рұхсат етіңіздер. (7 «В» сынып оқушылары «Сөз қадірі» деген көрініс көрсетеді.)

1-жүргізуші: -Өткен ғасырдың өзінде француз ғалымы Жорри де Манси «Қазақ тілі түркі тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі» деп тамсанған. Ал орыстың әйгілі ғалымы Василий Васильевич Радлов «Ең сауатсыз деген қазақтың өз тілін жете меңгергендігі сондай, ондайды біз Европада француздар мен орыстардан ғана байқаймыз. Егер олар әңгіме айта қалса сөз оралымдары көркем де сүйкімді, тілі өткір әрі майда шешен де тапқыр» деп әділ бағасын беріпті. Ендеше, ортаға 5 в, д сынып оқушыларын шақырсақ!

2-жүргізуші: -*Қазақ тілі – қазақтың ана тілі,*

Бірақ оған адам аз бас иетін.

Қазақ тілі – қазақтың дара тілі,

Кейбіреулер түсінбес қасиетін,

демекші ана тілімізді қастерлеп, құрметтей білу - біздің қасиетті борышымыз.

1-жүргізуші: -Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл - әрбір елдің жаны.

1989 жылы «Республикадағы қазақ тілінің жайы» туралы қаулы қабылданды. 1989 жылы қыркүйектің 22-і күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер» Заңы қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Кейін 1993 жылы қаңтардың 28-і күні бұл статус Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында тұрақталып, Тіл туралы Заңы 1997 жылы шілденің 7-күні жаңа «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы қабылданды. Бұл Заң бойынша қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі.

2-жүргізуші: -Осы заң талаптарынан соң 22-қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері мерекесі болып аталып өтілуде. Қазір іс қағаздарын тек мемлекеттік тілде жүргізетін мекемелер көбейді, жоғарғы оқу орындарындағы қазақ тілінде өтетін сабақтар саны бұрынғыға қарағанда көп өсті. Мекеме, ұйымдар Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасымен жұмыс істеді. 2011-2020 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы шықты.

Жүректері тілім деп соққан, ана тіліне деген құрметпен ортаға 6-сынып оқушыларын шақырсақ!
Ән.

2-жүргізуші: -*Тәңірі ортақ жаратқан,
Аузына халқын қаратқан.
Қара қылды қақ жарған,
Алдынан топты таратқан,
Мөңке, Төле, Қазыбек,
Әйтеке, Ашын, би Кебек.*

- Белгілі шешендер мен билердің сөздері жазылып сақталмағандықтан, тек бізге ұзын-ырғасы, желі-журнағы ғана жеткен. Ауыздан-ауызға көше жүріп, сырланып, бүкіл халық қазынасына айналған. Олар халық даналығын, тіл байлығын көрсетеді.

Көрініс. «Үш би».

1-жүргізуші: -Әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюмен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Ананың ақ сүтін, уызына жарыған адам қашанда отаншыл, ұлтжанды болмақ.

2-жүргізуші: -Әркімнің өз тіліне құрметін өз анасына, өз ұлтына, Отанына деген құрмет деп білу керек. Алаштың біртуар Абайы «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деп тегін айтпаған.

Оқушылар Несіпбек Айтовтың «Ана тілім», Е.Зікібаевтың «Ана тілім», О.Асқардың «Үйрен ана тіліңді», т.б. өлеңдерін жатқа оқиды.

1-жүргізуші: -Жыр дарияны толтырған қазақтың халық поэзиясы мен ақын – жазушыларының есімі бүгінде айдай әлемге аян. Бұқар жырау, Дулат, Махамбет, Шортанбай, Абай – барлығы да өз алдына бір-бір жыр–дария. Олар үлкен дарияны құрап жатқан асау, арнаулы, сулы, нулы өзендер іспетті. Осылардан кейінгі кезекте Қадыр, Мұқағали, Ілияс секілді біртуар ақындарымыздың жыр – шумақтары халық жүрегінен құрметті орын алған.

Оқушылар М.Мақатаевтың «Үш бақытым», Ілияс Жансүгіровтің «Анам тілі» өлеңдерін оқиды.

2-жүргізуші: - М.Жұмабаев атамыз «Тіл-адам жанының тілмашы, тілі кем болса, адамның кем болғаны» деген екен. Тіл - тарих тереңіне бойлатып, өнер бұлағына сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас бұлағы. Мемлекетіміздің тарихи тағдыры,

мақсаты тіл арқылы баянды болмақ. Тіл - байлығымыз, тіл - тарихымыз, тіл - мәдениетіміз, тіл-әдебиетіміз. Тіл - біздің ұлттық намысымыз, арымыз. Ана тілімізді қастерлеп, құрметтей білу - біздің қасиетті борышымыз.

Оқушы М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі»өлеңін оқиды.

1-жүргізуші: -Мұхтар Шахановтың тіл туралы толғаныстары ұлт тілін өлеңге қосу емес, халқының бүгініне ғана қарап қалмай, оның болашағына көз тігуінен жарқырап көрінетін сөз маржандарын да, ой маржандарын да кездестіреміз.Ойын топтап жалын шарпыған өлеңін оқығанда оның поэзиясына табынбайтын жан да қалмайтын сияқты. Өйткені, М.Шаханов үшін тіл тағдыры, ел тағдыры біртұтас.

2-жүргізуші: - Ақын әр түрлі қақтығыс, соқтығыстар арқылы адам баласына жасалатын зерттеулер нәтижесінде тілін жойып, ұлтсыздыққа соқтыратын, күйрететін жәйттарға ақын азамат ретінде қынжылыс білдіреді. Қазір жер бетінде екі жарым мың ғана тілдің қалуы заманның, адамның теперішіне байланысты. Ол тілдердің қайсысына табыт жасалып жатыр деп оқырманын ойға қалдырады. Егер тіл зұлматына қарсы тосқын қойылмаса, жер бетінде 400-500 тіл қалмақ деп төніп келе жатқан қауіпті ашып тастайды. Бұл әрбір басқан қамсыз қадамымыздың сыны болады деп көрсетеді. Ақын өзінің ана тілінің өміршеңдігіне сеніммен қарайды. (Оқушылар М.Шахановтың «Төрт ана», «Тамырсыздану қауіпінің тұжырымдамасы»атты өлеңдерін оқиды).

1-жүргізуші: -Мұзафар Әлімбаев – қазақ сөз өнерінің қасиетті шаңырақ мүйіз маралы деп білеміз. Өйткені бұл кісі халқымыздың сөз өнерін, даналық ой-маржандарын ерте теріп, тірнектеп жинап келе жатқан сөз зергері.

2-жүргізуші: -Ол кісі жинап, халық қазынасына қосқан өз ұлтымыздың мақал-мәтелдері бір сала болса,

не сан басқа халықтардың нақылдарын қазақ тіліне аударып, төлсөзіміздей сіңісті етіп жібергені қаламгерлік тұрғыдағы іргелі істердің бірі деуге тұрарлық. Қаншама жұрттың нәрлі сөзі Мұзафар Әлімбаевтың әрлі сөзімен рухани еншімізге ой қосып отыр.

1-жүргізуші: - Тіл – байлығымыз, тіл – тарихымыз, тіл – мәдениетіміз, тіл – әдебиетіміз. Қазақстанда қазақ тілінің үстем болуын еш ұмытпауымыз керек. Тіл мерейі – ел мерейі. Өз тілімізді құрметтеп өсейік!

2-жүргізуші: - Ана тіліміздің өрге өрлеп, мәртебесінің өсуіне аянбай еңбек етіп жатқан тіл жанашырлары осы күнде де баршылық.

1-жүргізуші: - Қазақ тілінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген азаматтарды туған халқының адал перзенттері деп атауға болады.

2-жүргізуші: - Ананың ақ сүтімен, әженің әлдиімен бойымызға дарыған ана тілімізді ардақтай білейік!

1-жүргізуші: - Туған тіліміз егемендігіміздің белгісіне, тәуелсіздігіміздің символына айналсын!

2-жүргізуші: - Дүниеде туған тілден тәтті не бар? Әр тілде сөйлеп жатқан адамдар арасына түсіп, кенеттен құлағына қазақ тіліндегі сөз естіліп қалғандағы күйді бастан кешірмеген шығарсың. Бұл – бір ерекше күй. Сонда сен сол сөздің қаншалықты әуезді әндей, сырлы саздай естілетінін байқайсың. Жүрегіңнің түкпірінен саумал сағыныш, өректіген сезім бой көтереді. Бұл – дүниеге келгеннен бері әлдилеп келе жатқан тіл қасиеті арқылы бойыңа дарыған туған елге, жерге деген махаббат.

1-жүргізуші: - Ендеше, туған елімізге, халқымызға деген махаббатымызды ән арқылы жеткізіп көрейік.

«Мен –қазақпын» өлеңінен үзінді екі жүргізуші кезектесіп оқиды.

Ән. «Қазақ тілі».

Б.ХАНСҰЛТАНОВА,
Аққозы ЖОББМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ӘДЕБИЕТ-ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Мақсаты: әдебиет сабағынан балалардың бағдарламалық материалдан алған білімдерін жүйелеу, оқушының бойында көркем мәтінді оқуға құмарлық туғызу, зияткерлік қабілетін арттыру; оқушылардың әдебиет теориясынан, көркем шығармалардан, жазушы, ақындар өмірінен алған білімдерін тереңдету, ой-өрісі мен шапшаңдығын дамыту; адамгершілікке, көркем әдебиетті сүйуге тәрбиелеу. Көрнекі құрал: компьютер, үлестірме материалдар, слайдтар. Әдісі: ізденушілік, талдау, жинақтау.

Жүргізуші: - Балалар, әдебиет әлемі-ғажап әлем. Оның тереңіне бойлаған сайын біз өмір сүруге бойымызға рухани нәр жинаймыз. Сондықтан да Сәбит Мұқанов «Әдебиет-адам тәрбиелеудің қуатты құралы» деген. «Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең» деп ойшыл ақынымыз Мағжан Жұмабаев айтқандай, тереңдікті қалыптастыратын зияткерлік сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Ойын шарттарымен таныс болыңыздар.

I кезең: «Бәйге».

II кезең: «Сөз өнері».

III кезең: «Жорға».

I кезең. Ұяшықта сұрақтар деңгей түрінде берілген.

Таңдау өз еріктеріңде. Жоғарғы ұпай жинағысы келетін оқушылар жоғары санмен берілген ұяшықты таңдауына болады. Сұрақ мағынасының нарқы да жоғары.

10 ұпай.

*Балталы, Бағаналы ел аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл аман бол.
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-күліп ер жеткен жер, аман бол!* деген үзінді қай жырдан алынған? («Қозы Көрпеш-Баян сұлу»)

10 ұпай.

*Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал.
«Бұрыңғы атамызға сыйға берген
Біздерде мынадай бар, мынадай бар....!»*
Өлең шумақтары кімнің қай өлеңінен алынған?
(Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Бір адамға»)

10 ұпай.

*Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін!*
Өлең жолдары қай ақынның қай өлеңінде кездеседі?
(Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шәкірт ойы»)

20 ұпай.

«Әмірқан-кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Наурыздан кейін бізбен дос болып кетті. Бір жаққа шықса, бізге соқпай кетпейді».

Қай әңгімеден алынған үзінді?
(Жүсіпбек Аймауытов. «Әнші»)

20 ұпай.

«Менің өлеңім самғаған құстай бүкіл Жетісуды шарлады. Ыңырашағы шыққан ат үстінде мен ауылдан ауылға жорыттым. Қайғы мен қасірет әнін шырқадым». Кім туралы айтылып тұр?

(Жамбыл Жабаев. «Менің өмірім»)

20 ұпай.

Абайдың 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған шығармалары қалай аталады? «Қара сөз»

30 ұпай.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің айрықша ірі тұлғасы? (Сұлтанмахмұт Торайғыров)

30 ұпай.

Сәкен Сейфуллин Голощекин саясатын батыл айыптап қандай поэма жазды? (Қызыл ат)

30 ұпай.

1938 жылы 25 ақпанда халық жауы атанып атылған қазақ ақыны кім? (Сәкен Сейфуллин)

40 ұпай.

Лирикалық қаһарман дегеніміз не? (Лирикалық шығармадағы ақынның өз бейнесі, жиынтық образы)

40 ұпай.

Әсет Найманбайұлының өмір сүрген жылдары? (1867-1922ж)

40 ұпай.

*Ол рас аталарың шеңге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырмақ, теңге алыпты!*-деген өлең шумақтары кімнің, қай өлеңінен алынған?

(Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Бір адамға»)

II кезең. «Сөз өнері». Бұл кезеңде әдебиет теориясынан сұрақ беріледі. Әр сұрақ он ұпаймен бағаланады.

1. Сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын тәсіл қалай аталады? (Композиция)

2. Сөздерді қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдануды қалай атаймыз? (Ирония)

3. Көркем шығармада өмірдің бір жағымсыз жақтары

мен құбылысын күлкі ете, мысқылдай суреттеуді қалай атайды? (Сатира)

4. Әдеби шығарманың оқиғасын желілі түрде көркемдеп әңгімелеуді қалай атайды? (Баяндау)

5. Шығармаға қатысушының мінезін, дүниеге көзқарасын суреттеу қалай аталады? (Мінездеме)

6. Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі қалай аталады? (Диалог)

7. Табиғат көрінісін суреттеуді қалай атаймыз?

(Пейзаж)

III кезең. «Жорға».

1-топқа:

1. «Сыр сандық» өлеңінің авторы?

(Сәкен Сейфуллин)

2. Ауыз әдебиетінің бір түрі. (Аңыз)

3. Қазыбек бидің айтуынша бір дегеніміз не?

(Бірлігі кеткен ел)

4. Дулат Бабатайұлының өмір сүрген жылдары?

(1802-1874ж.)

5. Махамбет Өтемісұлы туған облыс?

(Батыс Қазақстан облысы)

6. Махамбет өмір сүрген хан ордасы? (Бөкей)

7. Махамбеттің досы кім? (Исатай)

8. «Қызғыш құс» өлеңінің жанры? (Жоқтау)

9. Абайдың әжесі? (Зере)

10. Мағжан Жұмабаев қай жерде дүниеге келген?

(Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы,

Сасықкөл деген жерде)

2-топқа:

1. Абайдың әдебиетке алып келген бағыты.

(Сыншыл реализм)

2. «Атаның баласы емес, адамның баласы бол» кімнің сөзі? (Абай)

3. Жаңа жауған қардың үстіндегі аң ізі? (Қансонар)
 4. «Аягөз, қайда барасың?» өлеңінің авторы кім?
(Дулат Бабатайұлы)
 5. Махамбеттің «Тұлпарым» өлеңі кім туралы?
(Исатай)
 6. Абай нешінші қара сөзінде мақал-мәтелдерді сынады? (29-қара сөзінде)
 7. «Адырна» дегеніміз не?
(Садақтың жебесін тіреп ататын тарамасы).
 8. Ахмет Байтұрсынұлының И.Крылов идеясымен жазған шығармасы? («Қырық мысал»)
 9. Небәрі 27 жыл өмір сүрген ақын?
(Сұлтанмахмұт Торайғыров)
 10. «Алғадай туралы әрбір ой» қандай сарында жазылған? (Жоқтау)
- 3-топқа:
1. «Атаның әлдиі» өлеңі қандай ойға құралған?
(Жұбату)
 2. «Әнші» әңгімесіндегі Өмірқанның сүйген қызының есімі? (Ақтамақ)
 3. І.Жансүгіров өмір сүрген жылдар? (1894-1838ж.)
 4. І.Жансүгіров Мәскеудегі журналистика институтында қай жылдары оқыды? (1925-1928жж.)
 5. Жүз жыл өмір сүрген ақын? (Жамбыл Жабаев)
 6. Сәкен Сейфуллиннің досына арнап жазған өлеңі?
(«Сыр сандық»)
 7. М.Жұмабаевқа неше жасында атасы Жұмабай «Менің атымды түбінде осы немерем әлемге әйгілі ететін болады!» деп бата берген? (3 жасында)
 8. М.Жұмабаевтың анасын, туған жерін, сүйген жарын жырға қосқан өлеңі қалай аталады? («Сүйемін»)
 9. «Бөбек бөлеу» өлеңінің авторы кім? (І.Жансүгіров)
 10. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қандай жырға жатады?
(Лиро-эпостық)
- Сайысты қорытындылау.

Г.ЖАНАБАЕВА,
Подхоз жалпы білім
беретін негізгі мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛІ

(4-5-сынып)

Мақсаты:

1. Оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету.
2. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдылыққа баулу, белсенділіктерін арттыру.
3. Топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулу.

Көрнекілік: жұмбақтар, өлең жолдары, үзінділер, тұсаукесер.

Түрі: интеллектуалды ойын-сайыс.

Ойын барысы:

I. Ұйымдастыру. Ойынның тақырыбымен, мақсатымен (слайд) таныстыру.

*Бәйгеге түсіп жарыспай
Жүйріктің бағы жанар ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар мән.
Бұл бәйге ойдың бәйгесі
Кім жүйрік ойға, сол алда,-*

дегендей, бүгінгі интеллектуалды ойынымыз сайыс түрінде өтеді. Осы уақытқа дейін алған білімдеріңді көрсетіп, ортаға салыңдар.

Ойынға 2 топ қатысады. Ойын V айналымнан тұрады.

Ойын ережесімен таныстыру. Ойынды бастамас бұрын әр топ өзін, ұранымен таныстырады.

I топ. Топтың аты – «Сұңқар»

Ұранымыз: Білім алып бүгін алтын ұяда,

Ертең әлі шарықтаймыз қияда.

II топ. Топтың аты – «Тұлпар»

Ұранымыз: Асау тұлпар желдей ескен арынды,

Оқу менен еңбекке сал барыңды.

Енді ойынымыздың I- айналымын бастаймыз.

I айналым-«Ұшқыр ой». Әр топқа қазақ тілі пәнінен сұрақтар қойылады. Тез, жылдам, нақты жауап беру керек. Әр топта 4 оқушы 1 сұраққа жауап береді.

«Сұңқар» тобына:

1. Сөздің әрі қарай бөлінбейтін, мағыналы бөлігі. (түбір)

2. Жалқы есімдер қалай жазылады? Неге? (бас әріппен)

3. Сын есімнің сұрақтары. (қандай? қай?)

4. «Бесінші» сөзі қандай сұраққа жауап береді? (нешінші?)

5. Әдемі сөзіне жуық мәндес сөзді ата. (сұлу, көркем)

6. Сұраулы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады? (сұрақ белгісі)

7. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? (3: қатаң, ұяң, үнді)

8. Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша қалай аталады? (жалғау)

9. Кейде дауысты, кейде дауыссыз болатын дыбыс. (у)

«Тұлпар» тобына:

1. Дауысты дыбыстар неше топқа бөлінеді? (2: жуан, жіңішке)

2. Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы қалай аталады? (етістік)

3. Сөздің мағынасын өзгертетін қосымша қалай аталады? (жұрнақ)

4. Батыр сөзіне жуық мәндес сөзді ата. (ер, қаһарман)

5. Жалпы есімдер қалай жазылады? (кіші әріппен)

6. Хабарлы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады? (нүкте)

7. Зат есім дегеніміз не? (заттың атын білдіреді)
8. Сан есімнің сұрақтары. (қанша? неше? нешінші?)
9. Аласа сөзіне қарсы мәндес сөзді ата. (биік)

II айналым-«Күпия сандық». Бұл айналымда жұмбақ жасырамын, сендер жұмбақтың шешуін 2 тілде (қазақша, орысша) айтуларың керек. Әр топ кезекпен 1 жұмбақты оқып, шешуін айтады. (Слайдпен көрсету, оқушыларға оқыту)

- 1-топ:
1. Қолы менен қаламы жоқ,
Бірақ сурет салады көп. (аяз-мороз)
 2. Қоймасын қыс ақтарып,
Жерді жапты ақ мамық. (қар-снег)
 3. Бірін-бірі қоштаған,
Бір үйден көрдім,
Қырық екі дос-жаран. (әріп-буква)
 4. Жұқа тақтай бөлшегі,
Ұзындықтың өлшемі. (сызғыш-линейка)
- 2-топ:
1. Қалқиып екі құлағы,
Елеңдеп, қорқып тұрады. (қоян-заяц)
 2. Жолбарыстан аумайды,
Тышқандарды аулайды. (мысық-кошка)
 3. Жеп көріп ем өзім мен,
Жас шығарды көзімнен. (пияз-лук)
 4. Әттең, даусым, тілім жоқ,
Құшағымда білім көп. (кітап-книга)

III айналым-«Ойлан, тап». Бұл кезеңде ұлы ақын-жазушыларымыздың өлеңдерінен үзінділер беріледі. Әр топқа 1 өлең беріледі. Үзіндіні оқып, өлеңнің атын және авторын табу. (Әр топқа тапсырма, дайындалуға уақыт беріледі)

- 1-топ: 1. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

(«Қыс». А.Құнанбайұлы)

- 2-топ: 1. Өнер, білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.

*Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.*

(«Өнер, білім бар жұрттар». Ы.Алтынсарин)

Мұғалім: - *Білген сайын келеді біле бергім,
Біле беру емес пе тілегі елдің.
Белден ассаң, алдыңда бел көрінсе,
Қызыққаннан келмей ме жүре бергің.
Сондықтан да келеді біле бергім
Білімдіні сүйерін білем елдің,-*

дей отырып, **IV айналымды бастайық. «Айшықты сөздер».** Бұл айналымда бірнеше тұрақты сөз тіркестері беріледі. Бұл сөздермен біз ана тілі пәнінен шығармаларды оқығанда танысқанбыз. Әр топқа 4 сөз тіркесі беріледі. Ойланып, мағынасын айтуларың керек. (Слайдпен көрсетіп, оқытып, жауабын тыңдау)

- 1-топ: 1. Төбесі көкке жетті (қуанды)
2. Ине шаншар жер жоқ (бос жер жоқ)
3. Қой аузынан шөп алмас (жуас)
4. Төбе шашы тік тұрды (қорықты)
- 2-топ: 1. Қабағынан қар жауды (ашуланды)
2. Бетінен оты шықты (ұялу)
3. Ит өлген жер (алыс)
4. Көзді ашып-жұмғанша (тез, лезде)

Ойынымыздың соңғы айналымы «Талапкер» деп аталады. Сендерге өлең жолдары беріледі. Көп нүктенің орнына сөздер қойып, өлең құрастыруларың керек.

- 1-топ: 1. ... өріп тараған,
... қараған.
Құрт пен майын жинаған,
... сыйлаған.
- 2-топ: 1. ... бала әрқашан,
Қуантады
Құлыным деп анасы,
... баласын.

Әр топтың құрастырған өлеңдерін оқытқызу.
Қорытындылау. Марапаттау.

Р.СУЮНОВА,
Павлодар облысы,
Ақсу қаласы

БАЛА ЖҮРЕГІНІҢ КІЛТІН ТАПҚАН ҰСТАЗ

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияда шеберлігімен бала жүрегінің кілтін таба алған ұстаздардың бірі-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп келе жатқан Әскербек Құлтайұлы Дүйсембаев. Осы ұстаздың шәкірттері күнделікті сабаққа үнемі үлкен жауапкершілікпен дайындалып барады. Мұғалімнің сабақта қолданатын тәсілдерінің бірі - оқушыға сабақ үдерісінде мейілінше өз білгенін, тоқығанын ортаға салып айта білуі. Жаңа заманның ізденімпаз ұстаздың оқушылары екі қадам алда болса, қуанады. Орыс мектебін тамамдаса да, өз ана тіліне деген құрметін басты деп санап қазақ тілінен сабақ бергенді жөн көрді. Сөйтіп, ПМПИ-ды 2006 жылы тәмамдап, алғашқы еңбек қадамын Май ауданының Баскөл ауылындағы А.Иманов атындағы мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады. Бір жылдан соң “100 мектеп, 100 аурухана бағдарламасы” бойынша салынған Көктобе орта мектебінде балаларды білім нәрімен сусындатты. 2009 жылы Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған гимназияда жұмысын жалғастырды. Осы жылдары еңбегі шыңдалды, ғылыммен көп айналысқан жас ұстаз 2016 жылы осы мектептің дарынды балалармен жұмысы жөніндегі директордың орынбасары болып тағайындалды. Ұстаз үшін маңыздылығы ол, оқушы қандай көңілмен сабағына қатысып отыр, өткен және жаңа тақырып қалай қабылданды, шығармашылық жұмысы алға қойылды ма? Осындай да басқа сұрақтар мұғалімнің күнделікті өз алдына қойылып отыратын негізгі сұрақтарының бірі. Әскербек Құлтайұлының бала жүрегінен ерекше орын алуы ата-ананы қуантады. Ол деген - баланың болашақ жеңістері. Демек, сабақта шешілмейтін сұрақтар қалмайды. Осыған қалай қуанбасқа?! Аға буын ұстаздар да үлгі аларға тұтарлық. Расымен, не болса да жастан сұра-деген осыдан шығады. Әдебиет сабақтарында

батырлар жырлары немесе әңгімелерді талдап жатқанда, баланың жан дүниесі тебіреніп жатқандай болады. Себебі талдау барысында көп қосымша мәліметтер ұсынылып жатады. Одан қала берді тақырыпты ашуы да өзгеше, демек бәрі де оқушының пайдасына. Құлақтарын түріп тындаған балалар осы сабақтардан жүректеріне көп нәрсе алады. Мақалдатып, мәтелдетіп, ғұлама адамдардың ойларын ортаға салып отырады. Талдау кезінде әр оқушының жеке ойын тындап қана қоймай, өздік бағалауды да үйретеді. Ол болашақта үлкен сенімділікке жол ашады. Бүгінгі ұстаздар Әскербек Құлтайұлы сияқты болғанын қалаймыз деген ата-аналардың жылы лебізін де тындауға болады. Ұстаздың әр сабағынан ана тілімізге деген құрметін бала жүрегі де сезеді. Адам қасиеттерді балалардың бойларына сіңіре білетін ұстаз көптің де құрметіне бөленіп келеді. Өз кезінде ақын Абай «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деген ойының ұғымы тереңінде. Мейірімге толы жүрегі, еңбекқорлығы, парасаттылығы да көпке үлгі. Әр шәкіртін тұлға ретінде санайтын ұстаздың оқушылары да өз ұстазына үлкен сеніммен және құрметпен қарайды. Білікті ұстаздың бүгінгі даңғыл жолының, еңбегінің жемісін де, жеңісін келесі марапаттардан көруге болады. Мұғалімдер арасындағы облыстық пән олимпиадасының екі мәрте жүлдегері (2009, 2013ж.) Мұғалімдердің республикалық қашықтық олимпиадасында 2-орын (2014,2015ж). 2013 жылы Қазақстанда Филологиялық білім беруді дамытудың негізгі басымдылықтары атты I-филологтар съезінің делегаты. «Менің тиімді сабағым» сертификатымен сертификатталған. Мұғалімдердің панорамалық сабақтарының on-line сайысында жүлдеге ие болды. 2010-2015 жылы 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасының авторы. Негізгі ұстаздың және шәкірттің сынақ кезеңі ол ҰБТ көрсеткіші жылма-жыл алға шығып тұрғанының куәгеріміз. Білікті ұстаздың шәкірттерінің жетістіктері ұшан-теңіз десек те болар. Әскербек Құлтайұлына зор денсаулық, қажымас қайрат белсенді шәкірттері көп болсын демекпіз. Дарынды ұстазда - дарынды шәкірттер! Философ өз заманының ғұлама адамына айналған кіші Сенекке: «Білім бұлағының көзін аша білген биік мұратына жетеді» дейді. Әскербек Құлтайұлының талапшылдығы, әр оқушының дарындылығын аша білгені бүкіл шәкірттеріне қанат бітіреді.

Ж.ТӨЛЕУБАЕВА,
№25 жалпы орта
білім беру мектебі.
Павлодар қаласы

БІЗ ОСЫ ШАҢКӘРІМДІ БІЛЕМІЗ БЕ?

Білгіміз келе берер білген сайын,
Білеміз бе, Шәкеңнің аты жайын?
Әр атында өзіндік мағына бар,
Рұқсат болса, білгенімше тарқатайын:

Зерделеп түйгенімді айтайын дөп,
Ғұлама, кемеңгерді таниды көп.
Абайға іні, Құнанбай немересін,
Азан шақыра қойыпты: «Шаһкәрім» деп.

Жетімдікті көрсетпей ата-әжесі,
Өсірді оны ақылды ерке етіп.
Абайдан тәлім алған ойлы жасты,
«Шәкәрім» деп атапты еркелетіп.

Ұзақ жылдар зерттелмеу жанға батты,
«Ақтың жолы - хақ» деген, таңы да атты.
Ғалымдар сөз қозғаса, жиі естиміз,
Мәртебелі «Шәкерім» деген атты.

Мәңгі жасау бұйырған керегімен,
Жыр төгілген дер едім жүрегінен.

«Мұтылған» деп өзіне қойса да ат,
Ұмытпас ел, көз жазбас тірегінен!

Қапаланды «жолсыз жаза» қамалында,
Болды ежеттес Мұқаңмен заманында.
Озық ойы «Шұбардың» түрткі болып,
Сомдалған «Абай жолы» романында.

Жазықсыз жаламенен жаны іліккен,
Ғұмырының соңы өтті жоқ күдікпен.
Жатса-дағы отыз жыл құр құдықта,
Қайта оралған арыс ол, зор үмітпен!



Оқушы шығармашылығы

А.ӘБДІЖАМИЕВ,
Жарөткел негізгі мектебінің
4-сынып оқушысы.
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы

АС АТАСЫ-НАН

Шықшы сен далаға,
Қарашы айналаңа.
Алтын алқап, сары бидай
Егілген кең далама.
Диханшының еңбегі,
Наубайшының ақ тері,
Міне, келді алдыма
Ыстық нанның піскені.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж** Қуәлігі берілген.

Басуға 05.12.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2017 ж., 144 бет, Алматы.